Кейбір бұйрықтарға өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Көлік министрінің 2026 жылғы 11 маусымдағы № 144 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 15 маусымда № 38958 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз.

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Азаматтық авиация комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Көлік вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Көлік министрі *Н. Сауранбаев*

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Жасанды интеллект және
цифрлық даму министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Сауда және интеграция
министрлігі

Қазақстан Республикасының
Көлік министрі
2026 жылғы 11 маусымдағы
№ 144 Бұйрығымен
бекітілген

Өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбесі

1. "Авиация персоналы куәліктерін беру және олардың қолданылу мерзімін ұзарту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2013 жылғы 26 қыркүйектегі № 750 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8782 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 54-бабының 3-тармағының және " Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН :";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Авиация персоналы куәліктерін беру және олардың қолданылу мерзімін ұзарту қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Авиация персоналы куәліктерін беру және олардың қолданылу мерзімін ұзарту қағидалары "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 54-бабының 3-тармағына және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және авиация персоналы куәліктерін беру және олардың қолданылу мерзімін ұзарту және "Авиация персоналына куәліктер беру" мемлекеттік қызмет көрсету (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) тәртібін айқындайды.";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Өтініш беруші авиация персоналының куәлігін алу, (немесе куәліктің қолданылу мерзімін ұзарту), куәлікті және (немесе) оған қосымшаны ауыстыру біліктілік және арнайы белгілерді енгізу немесе қолданылу мерзімін ұзарту үшін уәкілетті ұйымға "Е-лицензиялау" "цифрлық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес "Авиация персоналына куәліктерді беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі) 8-тармағында көзделген құжаттардың тізбесін жолдайды.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу кезінде электрондық цифрлық куәландырылған (қол қойылған) немесе бір реттік парольмен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтінім "цифрлық үкіметтің" шлюзі арқылы көрсетілетін қызметті берушінің "Е-лицензиялау" цифрлық жүйесіне (бұдан әрі – ЕЛ) құжаттарды қабылдаған күні жіберіледі.

Өтінімді өңдеуді көрсетілетін қызметті беруші ЕЛ-ға өтінім келіп түскен кезден бастап жүзеге асырады.

Процестің сипаттамаларын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтер мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде баяндалған.";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Құжаттарды портал арқылы тапсырған кезде өтініш берушінің "Жеке кабинетіне" мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салуды қабылдау туралы мәртебе жіберіледі.

Уәкілетті ұйым құжаттар мен мәліметтерді олар келіп түскен күні тіркеуді жүзеге асырады.

Құжаттар мен мәліметтер портал және Мемлекеттік корпорация арқылы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері келіп түскен жағдайда, Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша өтінімді тіркеу/беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 7-тармағында көзделген жұмыс кестесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы құжаттар туралы мәліметтерді, төлемді растайтын құжатты уәкілетті ұйым "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден алады.

Уәкілетті ұйым "цифрлық үкімет" веб-порталында тіркелген пайдаланушының ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы ұсынылған құжат иесінің келісімі болған жағдайда, іске асырылған интеграция арқылы цифрлық құжаттар сервисінен бір реттік парольді беру арқылы немесе "цифрлық үкімет" веб-порталының хабарламасына жауап ретінде қысқа мәтіндік хабарлама жіберу арқылы алады.";

47-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"47. Өтініш берушінің шағымы Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес:";

48-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"48. Уәкілетті ұйымның, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы заңның 25-бабының 4-тармағына сәйкес шағымды қарау мерзімі:";

4-қосымша өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтардың осы тізбесіне (бұдан әрі - бұйрықтар тізбесі) 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын";

"Авиация персоналына куәліктер беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне 1-қосымшаның 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын :

"1. Пилоттың деректері
Лауазымы…….. Тегі …….
Аты ……..Әкесінің аты (бар болса)
ТАӘ латын баспа әріптерімен (жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес)

Туылған күні (күні, айы, жылы) ……..
Ұлты……..
Туған жері……..
Ел …… ……
Телефон нөмірі ……
E-mail:……
Жеке сәйкестендіру нөмірі……
Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы заңның
20-бабының 6-тармағына сәйкес цифрлық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін _____
20____жыл "___" _____
(күні) (қолы)";
"Авиация персоналына куәліктер беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі
талаптардың тізбесіне 1-1-қосымшаның 7-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
"7. Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы заңның
20-бабының 6-тармағына сәйкес цифрлық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін
(қолы)";
"Авиация персоналына куәліктер беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі
талаптардың тізбесіне 2-қосымшаның 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
"1. Өтініш берушінің ақпараты (өтініш берушімен толтырылады)
Лауазымы…… Аты……Тегі……
Туған күні (күн, ай, жыл) ……
Ұлты……
Туған жері…… Ел ……
Тұрақты мекенжайы……
Пошталық индекс……..
Телефон нөмірі……Телефонның баламалы нөмірі……

E-mail……
Жеке сәйкестендіру нөмірі ……..
Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы заңның
20-бабының 6-тармағына сәйкес цифрлық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін _____
__
"_____" _____20 жыл
_____(қолы)";

"Авиация персоналына куәліктер беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне 3-қосымшаның 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын :

"1. Өтініш берушінің ақпараты (Өтініш берушімен толтырылады)
Лауазымы…… Аты……Тегі……
Туған күні (күн, ай, жыл) ……
Туған жері…… Ел ……
Тұрақты мекенжайы……
Пошталық индекс……..
Телефон нөмірі……Телефонның баламалы нөмірі……
E-mail……
Жеке сәйкестендіру нөмірі ……..
Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы заңның
20-бабының 6-тармағына сәйкес цифрлық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін _____
_
"_____" _____20 жыл
(қолы)";

"Авиация персоналына куәліктер беру" мемлекеттікқызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне "Авиация персоналына куәліктер беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 11-қосымша осы бұйрықтар тізбесіне 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

4-1-қосымша осы бұйрықтар тізбесіне 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын";

5-қосымша осы бұйрықтар тізбесіне 4-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын";

2. "Азаматтық авиацияның авиациялық оқу орталығын сертификаттау және сертификат беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 6 ақпандағы № 115 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10486 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Азаматтық авиацияның авиациялық оқу орталығын сертификаттау және сертификат беру қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Азаматтық авиацияның авиациялық оқу орталығын сертификаттау және сертификат беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 14-бабының 1-тармағының 41-26) тармақшасына (бұдан әрі – Заң), "Мемлекеттік және әлеуметтік маңызы бар көрсетілетін қызметтер туралы" (бұдан әрі – Мемлекеттік және әлеуметтік маңызы бар көрсетілетін қызметтер туралы заңы) Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және азаматтық авиацияның авиациялық оқу орталығын сертификаттау және сертификат беру және " Азаматтық авиацияның авиациялық оқу орталығының сертификатын беру" мемлекеттік қызметті (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) көрсету тәртібін анықтайды.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Құжаттарды қабылдау және авиациялық оқу орталығының сертификатын (бұдан әрі – сертификат) беру "цифрлық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы " Е-лицензиялау" цифрлық жүйесінде жүзеге асырылады.".

Мемлекеттік қызметті портал арқылы алған кезде электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған (қол қойылған) немесе бір реттік парольмен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы құжаттарды қабылдаған күні көрсетілетін қызметті берушінің "Е -лицензиялау" цифрлық жүйесіне (бұдан әрі – ЕЛ) жіберіледі.

Өтінімді өңдеуді көрсетілетін қызметті беруші ЕЛ-ге өтініш түскен сәттен бастап жүзеге асырады.";

4-8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4-8. Уәкілетті ұйым құжаттар мен мәліметтерді олар келіп түскен күні тіркеуді жүзеге асырады. Өтініш беруші жүгінген кезде немесе құжаттар жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері келіп түскен кезде өтінішті қабылдау және нәтиже беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 7-тармағында көзделген жұмыс кестесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Уәкілетті ұйым көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден алады.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Уәкілетті ұйым құжаттар мен мәліметтерді тіркеуді олар келіп түскен күні жүзеге асырады.

Өтініш беруші жүгінген кезде немесе құжаттар жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері келіп түскен кезде өтінішті қабылдау және нәтиже беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 7-тармағында көзделген жұмыс кестесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтерді уәкілетті ұйым "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден алады.";

31-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"31. Уәкілетті ұйым құжаттар мен мәліметтерді олар келіп түскен күні тіркеуді жүзеге асырады.

Өтініш беруші өтініш берген немесе құжаттар жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері келіп түскен кезде өтінімді қабылдау және нәтиже беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 7-тармағында көзделген жұмыс кестесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкер ретінде тіркеу туралы мәліметтерді уәкілетті ұйым "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден алады.";

33-3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"33-3. Уәкілетті ұйым құжаттар мен мәліметтерді олар келіп түскен күні тіркеуді жүзеге асырады. Өтініш беруші жүгінген кезде немесе құжаттар жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері келіп түскен кезде өтінішті қабылдау және нәтиже беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 7-тармағында көзделген жұмыс кестесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкер ретінде тіркеу туралы мәліметтерді уәкілетті ұйым "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден алады.";

48-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"48. Өтініш берушінің шағымы Мемлекеттік және әлеуметтік маңызы бар

көрсетілетін қызметтер туралы заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес:";

49-тармақтың төртінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Шағымды уәкілетті ұйымның, уәкілетті органның, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның қарау мерзімі Мемлекеттік және әлеуметтік маңызы бар көрсетілетін қызметтер туралы заңының 25-бабының 4-тармағына сәйкес қажет болған жағдайларда 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады:";

1-қосымшаның 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қоса берілетін құжаттар _____

Авиациялық оқу орталығының, азаматтық авиация ұйымның, құрылымдық бөлімшенің басшысы

_____

Мемлекеттік және әлеуметтік маңызы бар көрсетілетін қызметтер туралы заңының 20-бабының 6-тармағына сәйкес цифрлық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны

құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін _____ (қолы)

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) _____

20___жылғы "___" _____ ";

1-1-қосымша осы бұйрықтар тізбесіне 5-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын";

1-4-қосымша осы бұйрықтар тізбесіне 6-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын";

2-қосымша осы бұйрықтар тізбесіне 7-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын";

7-қосымша осы бұйрықтар тізбесіне 8-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын".

3. "Әуежайдың (әуеайлақтың) авиациялық қауіпсіздік қызметін сертификаттау және сертификат беру қағидаларын, сондай-ақ әуежайдың (әуеайлақтың) авиациялық қауіпсіздік қызметіне қойылатын сертификаттау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 160 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11379 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 1-тармағының 41-53) тармақшасына және "Мемлекеттік және әлеуметтік маңызы бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:"

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Әуежайдың (әуеайлақтың) авиациялық қауіпсіздік қызметін сертификаттау және сертификат беру қағидаларын, сондай-ақ әуежайдың (әуеайлақтың) авиациялық қауіпсіздік қызметіне қойылатын сертификаттау қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Әуежайдың (әуеайлақтың) авиациялық қауіпсіздік қызметін сертификаттау және сертификат беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 1-тармағының 41-53) тармақшасына (бұдан әрі – Заң) және "Мемлекеттік және әлеуметтік маңызы бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік және әлеуметтік маңызы бар көрсетілетін қызметтер туралы заңы) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және әуежайдың (әуеайлақтың) авиациялық қауіпсіздік қызметін сертификаттауды және сертификат беруді жүргізу тәртібін айқындайды.";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Сертификат алу үшін көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінімді көрсетілетін қызметті берушіге www.egov.kz, www.elicense.kz "цифрлық үкімет" веб-порталы арқылы (бұдан әрі - портал) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес "Әуежайдың (әуеайлақтың) авиациялық қауіпсіздік қызметінің сертификатын беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде (бұдан әрі – Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі) көзделген тізбе бойынша құжаттарды қоса бере отырып жібереді.

Әуежайдың (әуеайлақтың) авиациялық қауіпсіздік қызметінің, әуежайдың (әуеайлақтың) авиациялық қауіпсіздік қызметінің өндірістік базасының персоналы мен басшы құрамы бойынша жиынтық деректер осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалады.

Мемлекеттік қызметті портал арқылы алған кезде электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған (қол қойылған) немесе бір реттік парольмен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы құжаттарды қабылдаған күні көрсетілетін қызметті берушінің "Е-лицензиялау" (бұдан әрі - ЕЛ) цифрлық жүйесіне жіберіледі.

Процестің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтер Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде жазылған.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде порталда көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" "емлекеттік қызметті көрсету үшін өтінімнің қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті беруші заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы алады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 7-тармағында көзделген жұмыс кестесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы құжаттар туралы мәліметтерді, төлемді растайтын құжатты көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы алады.

Көрсетілетін қызметті алушыдан цифрлық жүйелерден алынуы мүмкін құжаттарды талап етуге жол берілмейді.";

26-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"26. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды көрсетілетін қызметті берушіге, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын лауазымды адамға береді.

Көрсетілетін қызметті беруші, шешімі, әрекеті (әрекетсіздігі) шағымданатын лауазымды адам шағым түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмей шағымды қарайтын органға әкімшілік істі жібереді.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші, шешімі, әрекеті (әрекетсіздігі) шағымданатын лауазымды адам, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде қолайлы шешім қабылдаса, шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын іс-әрекет жасаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермейді.

Көрсетілетін қызметті алушының шағымы Мемлекеттік және әлеуметтік маңызы бар көрсетілетін қызметтер туралы заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес:

көрсетілетін қызметті беруші-тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде;

мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган - ол тіркелген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.";

27-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"27. Көрсетілетін қызметті берушінің, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның шағымды қарау мерзімі Мемлекеттік және әлеуметтік маңызы бар көрсетілетін қызметтер туралы заңның 25-бабының 4-тармағына сәйкес:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу қажет болған жағдайларда 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда шағымды қарау мерзімі ұзартылған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымды қарау өкілеттігі берілген лауазымды адам шағымды берген өтініш берушіге ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімінің ұзартылғаны туралы жазбаша түрде (шағымды қағаз жеткізгіште берген кезде) немесе электрондық нысанда (шағымды электрондық нысанда берген кезде) хабарлайды.";

2-қосымша осы бұйрықтар тізбесіне 9-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

4. "Әуеайлақтардың (тікұшақ айлақтарының) жарамдылығын сертификаттау және

оларға сертификат беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 187 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12052 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 1-тармағының 41-38) тармақшасына және "Мемлекеттік және әлеуметтік маңызы бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Әуеайлақтардың (тікұшақ айлақтарының) жарамдылығын сертификаттау және оларға сертификат беру қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Әуеайлақтардың (тікұшақ айлақтарының) жарамдылығын сертификаттау және оларға сертификат беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 14-бабының 41-38) тармақшасына және " Мемлекеттік және әлеуметтік маңызы бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік және әлеуметтік маңызы бар көрсетілетін қызметтер туралы заңы) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді, Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясы әуеайлақтарының (тікұшақ айлақтарының) жарамдылығын сертификаттау және оларға сертификат беру тәртібін айқындайды.";

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. "Әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) жарамдылық сертификатын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) осы Қағидаларға сәйкес уәкілетті ұйым көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру " цифрлық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу кезінде электрондық цифрлық куәландырылған (қол қойылған) немесе бір реттік парольмен куәландырылған цифрлық құжат нысанындағы өтінім "цифрлық үкіметтің" шлюзі арқылы көрсетілетін қызметті берушінің "Е-лицензиялау" цифрлық жүйесіне (бұдан әрі – ЕЛ) құжаттарды қабылдаған күні жіберіледі.

Өтінімді өңдеуді көрсетілетін қызметті беруші ЕЛ-ға өтінім келіп түскен кезден бастап жүзеге асырады.

"Әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) жарамдылық сертификатын беру" мемлекеттік қызметін алу үшін өтініш беруші қолданыстағы сертификат мерзімі аяқталғанға дейін 35 (отыз бес) жұмыс күні бұрын портал арқылы уәкілетті ұйымға осы Қағидаларға 5-

қосымшаға сәйкес нысан бойынша әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) (бұдан әрі – өтінім) жарамдылығын сертификаттауды жүргізуге арналған өтінімді және осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес Әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) жарамдылық сертификатын беруге мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптары тізбесінің 8-тармағында көзделген құжаттарды жібереді.

Процестің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтер мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде баяндалған.

Өтініш беруші барлық қажетті құжаттарды портал арқылы электрондық түрде берген кезде – "жеке кабинетте" мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салуды қабылдау туралы мәртебесі мемлекеттік қызмет нәтижесін алған күнін көрсете отырып көрсетіледі.

Өтініш беруші жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі өтінімді тіркеу мынадай жұмыс күні жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 7-тармағында көзделген жұмыс кестесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы құжаттар туралы мәліметтерді, төлемді растайтын құжатты көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы алады.

Уәкілетті ұйым "цифрлық үкімет" веб-порталында тіркелген пайдаланушының ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы бір реттік парольді беру арқылы немесе " цифрлық үкімет" веб-порталының хабарламасына жауап ретінде қысқа мәтіндік хабарлама жіберу арқылы ұсынылған құжат иесінің келісімі болған жағдайда, іске асырылған интеграция арқылы цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжаттарды алады.

Өтініш беруші "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 7-бабына сәйкес дербес деректерді жинауға және өңдеуге, цифрлық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім береді.

"Мемлекеттік және әлеуметтік маңызы бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес өтініш берушіден цифрлық жүйелерден алынатын құжаттарды талап етуге жол берілмейді.";

57-тармақтың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік және әлеуметтік маңызы бар көрсетілетін қызметтер туралы заңының 25-бабының 2-тармағына сәйкес өтініш берушінің шағымы оны тіркеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.";

5. "Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымды сертификаттау және оған сертификат беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 197 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11722 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызмет туралы " 2010 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 1-тармағының 41-25) тармақшасына және ""Мемлекеттік және әлеуметтік маңызы бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:"

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымды сертификаттау және оған сертификат беру қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымды сертификаттау және оған сертификат беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 14-бабы 1-тармағының 41-25) тармақшасына, сондай-ақ 48-бабына және " Мемлекеттік және әлеуметтік маңызы бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік және әлеуметтік маңызы бар көрсетілетін қызметтер туралы заңы) 10-бабының 1) тармақшасына және Азаматтық авиация саласындағы халықаралық ұйымның (бұдан әрі – ИКАО) авиациялық стандарттарына сәйкес әзірленген.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымның сертификатын алу үшін өтініш беруші уәкілетті ұйымға "цифрлық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсететін және жөндейтін ұйымның сертификатын алуға/тануға арналған өтінімді (бұдан әрі – өтінім), осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі ұйымның басшы құрамы туралы мәліметтерді осы Қағидаларға 3-1-қосымшаға сәйкес " Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымның сертификатын беру" мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде (бұдан әрі – Тізбе) көзделген құжаттар топтамасымен бірге жібереді.

Тізбе мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, қызмет көрсету процесінің сипаттамаларын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ өзге де мәліметтерді қамтиды.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу кезінде электрондық цифрлық куәландырылған (қол қойылған) немесе бір реттік парольмен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтінім "цифрлық үкіметтің" шлюзі арқылы көрсетілетін қызметті берушінің "Е-лицензиялау" цифрлық жүйесіне (бұдан әрі – ЕЛ) құжаттарды қабылдаған күні жіберіледі.

Өтінімді өңдеуді көрсетілетін қызметті беруші ЕЛ-ға өтінім келіп түскен кезден бастап жүзеге асырады.";

9-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9-1. Уәкілетті ұйым құжаттарды, олар келіп түскен күні тіркейді.

Мемлекеттік қызмет көрсету мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 7-тармағында көзделген жұмыс кестесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы, азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу туралы, пайдаланушы сертификаты, авиациялық жұмыстарды орындау құқығына куәлік, ұшуды орындау құқығына куәлік туралы мәліметтерді азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі ұйымның сертификаттарын беру үшін уәкілетті ұйым " цифрлық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден алады.

Өтініш берушілерден цифрлық жүйелерден алынатын құжаттар мен мәліметтерді талап етуге жол берілмейді.";

19-тармақтың екінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Өтініш берушінің шағымы Мемлекеттік және әлеуметтік маңызы бар көрсетілетін қызметтер туралы заңының 25-бабының 2-тармағына сәйкес:";

20-тармақтың бірінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"20. Уәкілетті ұйымның, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның Мемлекеттік және әлеуметтік маңызы бар көрсетілетін қызметтер туралы заңы 25-бабының 2-тармағына сәйкес шағымды қарау мерзімі:";

3-1-қосымша осы бұйрықтар тізбесіне 10-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын".

6. "Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемесін сертификаттау және ұшуға жарамдылық сертификатын беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 198 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12073 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі

туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 1-тармағының 41-22) тармақшасына және "Мемлекеттік және әлеуметтік маңызы бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемесін сертификаттау және ұшуға жарамдылық сертификатын беру қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемесін сертификаттау және ұшуға жарамдылық сертификатын беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 14-бабы 1-тармағының 41-22) тармақшасына, 38 және 47-баптарына, "Мемлекеттік және әлеуметтік маңызы бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік және әлеуметтік маңызы бар көрсетілетін қызметтер туралы заңы) 10-бабының 1) тармақшасына және Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (бұдан әрі – ИКАО) талаптарына сәйкес әзірленген.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатын алу үшін өтініш беруші уәкілетті ұйымға "цифрлық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініммен бірге осы Қағидаларға 1-1-қосымшаға сәйкес "Азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатын беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде (бұдан әрі – Ұшу жарамдылығы сертификатын беру мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі) көзделген тізбе бойынша құжаттар топтамасын жолдайды.

Құжаттар топтамасымен ұсынылатын әуе кемесінің техникалық жай-күйін тексеру және әуе кемесінің ұшуға жарамдылығын айқындау актісі (бұдан әрі – тексеру актісі) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалады.

Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі Ұшу жарамдылығы сертификатын беру мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде жазылған.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу кезінде электрондық цифрлық куәландырылған (қол қойылған) немесе бір реттік парольмен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтінім "цифрлық үкіметтің" шлюзі арқылы көрсетілетін қызметті берушінің "Е-лицензиялау" цифрлық жүйесіне (бұдан әрі – ЕЛ) құжаттарды қабылдаған күні жіберіледі.

Өтінімді өңдеуді көрсетілетін қызметті беруші ЕЛ-ға өтінім келіп түскен кезден бастап жүзеге асырады.

Портал арқылы өтінім берген кезде өтінім берушінің "жеке кабинетіне" мемлекеттік

көрсетілетін қызметті көрсету нәтижесін алу күні көрсетіле отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.

Өтінім беруші жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жүгінген кезде мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету жөніндегі өтінімді тіркеу мынадай жұмыс күні жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 7-тармағында көзделген жұмыс кестесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы, азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу туралы, пайдаланушы сертификаты, авиациялық жұмыстарды орындау құқығына куәлік, ұшуды орындау құқығына куәлік туралы мәліметтер уәкілетті ұйым "цифрлық үкіметтің" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден алады.

Өтініш берушіден цифрлық жүйелерден алынуы мүмкін құжаттарды талап етуге жол берілмейді.";

21-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"21-1. Шуыл бойынша әуе кемесінің сертификатын (жеке қызмет) алу үшін өтініш беруші уәкілетті ұйымға портал арқылы осы Қағидаларға 3-1-қосымшаға сәйкес шуыл бойынша әуе кемесінің сертификатын алу үшін өтінім жібереді.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 3-2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "Әуе кемесіне шуыл бойынша сертификат беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде (бұдан әрі – Шуыл бойынша сертификат беру мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі) баяндалған.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу кезінде электрондық цифрлық куәландырылған (қол қойылған) немесе бір реттік парольмен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш "цифрлық үкіметтің" шлюзі арқылы көрсетілетін қызметті берушінің ЕЛ құжаттарды қабылдаған күні жіберіледі.

Өтінішті өңдеуді көрсетілетін қызметті беруші ЕЛ-ға өтініш келіп түскен кезден бастап жүзеге асырады.";

21-5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"21-5. Уәкілетті ұйым құжаттарды келіп түскен күні тіркеуді жүзеге асырады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 7-тармағында көзделген жұмыс кестесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы құжаттар туралы

мәліметтерді, төлемді растайтын құжатты көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы алады.";

24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"24. Азаматтық әуе кемелерінің ұшу жарамдылығы сертификатын тану туралы шешім алу үшін өтініш беруші уәкілетті ұйымға портал арқылы осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес азаматтық әуе кемелерінің шет мемлекет берген ұшуға жарамдылығы сертификатын тану туралы өтінім және осы Қағидаларға 5-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "Азаматтық әуе кемелерінің шет мемлекет берген ұшуға жарамдылығы сертификатын тану туралы шешім беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің (бұдан әрі – Ұшуға жарамдылығы сертификатын тану туралы шешім беру мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі) 8-тармағында көзделген тізбе бойынша құжаттар топтамасын жолдайды.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі Ұшуға жарамдылығы сертификатын тану туралы шешім беру мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде жазылған.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу кезінде электрондық цифрлық куәландырылған (қол қойылған) немесе бір реттік парольмен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтінім "цифрлық үкіметтің" шлюзі арқылы көрсетілетін қызметті берушінің ЕЛ құжаттарды қабылдаған күні жіберіледі.

Өтінімді өңдеуді көрсетілетін қызметті беруші ЕЛ-ға өтініш келіп түскен кезден бастап жүзеге асырады.

Өтінім беруші Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттардың тізбесінде көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған кезде уәкілетті ұйым өтінімді қабылдаудан бас тартады.";

26-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"26-1. Уәкілетті ұйым құжаттарды келіп түскен күні тіркеуді жүзеге асырады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 7-тармағында көзделген жұмыс кестесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы, азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтерді, пайдаланушы сертификатын, авиациялық жұмыстарды орындау құқығына куәлікті, ұшуды орындау құқығына куәлікті көрсетілетін уәкілетті ұйым тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы алады.";

28-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"28. Осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша арнайы ұшуды орындауға рұқсат алу (ұшуға жарамдылықтың арнайы сертификаты) үшін өтініш беруші портал арқылы уәкілетті ұйымға өтінім жібереді.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 7-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "Арнайы ұшуды орындауға рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде (бұдан әрі – Арнайы ұшуды орындауға рұқсат беру мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі) баяндалған.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу кезінде электрондық цифрлық куәландырылған (қол қойылған) немесе бір реттік парольмен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтінім "цифрлық үкіметтің" шлюзі арқылы көрсетілетін қызметті берушінің ЕЛ құжаттарды қабылдаған күні жіберіледі.

Өтінімді өңдеуді көрсетілетін қызметті беруші ЕЛ-ға өтініш келіп түскен кезден бастап жүзеге асырады.";

28-4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"28-4. Уәкілетті ұйым құжаттарды келіп түскен күні тіркеуді жүзеге асырады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 7-тармағында көзделген жұмыс кестесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы, азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу туралы, пайдаланушы сертификаты, авиациялық жұмыстарды орындау құқығына куәлік, ұшуды орындау құқығына куәлік туралы мәліметтерді уәкілетті ұйым тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы алады.";

31-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"31-1. Радиомен хабарлау аппаратурасын пайдалануға рұқсат (жеке қызмет) алу үшін өтініш беруші уәкілетті ұйымға портал арқылы осы Қағидаларға 8-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша радиотаратқыш аппаратураны пайдалануға рұқсат алуға өтінімді және осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша азаматтық әуе кемелерінде орналасқан Радиомен хабарлау аппаратурасын пайдалануға рұқсат алу үшін ұсынылатын мәліметтерді береді.

Мемлекеттік қызметті көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 9-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "Радиомен хабарлау аппаратурасын пайдалануға рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге

қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде (бұдан әрі – Радиомен хабарлау аппаратурасын пайдалануға рұқсат беру мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі) баяндалған.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу кезінде электрондық цифрлық куәландырылған (қол қойылған) немесе бір реттік парольмен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтінім "цифрлық үкіметтің" шлюзі арқылы көрсетілетін қызметті берушінің ЕЛ құжаттарды қабылдаған күні жіберіледі.

Өтінімді өңдеуді көрсетілетін қызметті беруші ЕЛ-ға өтінім келіп түскен кезден бастап жүзеге асырады.

Өтініш беруші Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттардың тізбесінде көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған кезде уәкілетті ұйым өтінімдіқабылдаудан бас тартады.";

31-5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"31-5. Уәкілетті ұйым құжаттарды келіп түскен күні тіркеуді жүзеге асырады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 7-тармағында көзделген жұмыс кестесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтерді уәкілетті ұйым тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы алады.";

34-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"34. Осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұшу жарамдылығының экспорттық сертификатын алу үшін өтініш беруші уәкілетті ұйымға портал арқылы өтінімді және осы Қағидаларға 11-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Ұшу жарамдылығының экспорттық сертификатын беру мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің 8-тармағында (бұдан әрі – Ұшу жарамдылығының экспорттық сертификатын беру мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі) көзделген тізбе бойынша құжаттар топтамасын жолдайды.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі Ұшу жарамдылығының экспорттық сертификатын беру мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде жазылған.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу кезінде электрондық цифрлық куәландырылған (қол қойылған) немесе бір реттік парольмен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтінім "цифрлық үкіметтің" шлюзі арқылы көрсетілетін қызметті берушінің ЕЛ құжаттарды қабылдаған күні жіберіледі.

Өтінімді өңдеуді көрсетілетін қызметті беруші ЕЛ-ға өтінім келіп түскен кезден бастап жүзеге асырады.";

37-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"37. Уәкілетті ұйымның әкімшілік актіні әкімшілік (сотқа дейінгі) тәртіппен қабылдауға байланысты әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізеді.

Өтініш берушінің шағымы Мемлекеттік және әлеуметтік маңызы бар көрсетілетін қызметтер туралы заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес:

уәкілетті ұйымның – оны тіркеген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде;

азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның оны тіркеген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қарауына жатады.

Шағым уәкілетті ұйымға және (немесе) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды тұлғаға беріледі.

Уәкілетті ұйым, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте, егер 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік әрекет қабылданса, уәкілетті ұйым, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган, лауазымды адам, шешімге, әрекетке (әрекетсіздікке) шағым жасайды, шағымды қарайтын органға шағым жібермейді.";

38-тармақтың бірінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"38. Уәкілетті ұйымның, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның Мемлекеттік және әлеуметтік маңызы бар көрсетілетін қызметтер туралы заңның 25-бабының 4-тармағына сәйкес шағымды қарау мерзімі:";

1-1-қосымша осы бұйрықтар тізбесіне 11-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын";

3-2-қосымша осы бұйрықтар тізбесіне 12-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын";

5-1-қосымша осы бұйрықтар тізбесіне 13-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын";

7-1-қосымша осы бұйрықтар тізбесіне 14-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын";

9-1-қосымша осы бұйрықтар тізбесіне 15-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын";

11-1-қосымша осы бұйрықтар тізбесіне 16-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын. ".

7. "Азаматтық әуе кемелерін пайдаланушыны сертификаттау және оған сертификат беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму

министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 10 қарашадағы № 1061 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12452 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 14-бабының 41-31) тармақшасына және " Мемлекеттік және әлеуметтік маңызы бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Азаматтық әуе кемелерін пайдаланушыны сертификаттау және оған сертификат беру қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Азаматтық әуе кемелерін пайдаланушыны сертификаттау және оған сертификат беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 14-бабының 41-31) тармақшасына және (бұдан әрі – Заң) және "Мемлекеттік және әлеуметтік маңызы бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Өтінім беруші ұшуларды орындауды бастаудың жоспарланған күніне дейін 60 (алпыс) жұмыс күні мерзімінде Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пайдаланушы сертификатын алу үшін "цифрлық үкіметтің" www.egov.kz (бұдан әрі – портал) веб-порталына өтінімді жібереді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы алу кезінде электрондық цифрлық куәландырылған (қол қойылған) немесе бір реттік парольмен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтінім "цифрлық үкіметтің" шлюзі арқылы көрсетілетін қызметті берушінің "Е-лицензиялау" цифрлық жүйесіне (бұдан әрі – ЕЛ) құжаттарды қабылдаған күні жіберіледі.

Өтінімді өңдеуді көрсетілетін қызметті беруші ЕЛ-ға өтінім келіп түскен кезден бастап жүзеге асырады.";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Өтінімге осы Қағидаларға 1-қосымшада көзделген "Пайдаланушы сертификатын беру" мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің (бұдан әрі – Мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі) 8-тармағында көрсетілген құжаттар қоса беріледі.

Уәкілетті ұйым құжаттар мен мәліметтерді олар келіп түскен күні тіркеуді жүзеге асырады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 7-тармағында көзделген жұмыс кестесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), авиациялық жұмыстарды орындауға арналған куәлік, азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу, ұшуға жарамдылық сертификаты, шу бойынша әуе кемесі туралы құжаттар, радиохабар беру аппаратурасын пайдалануға рұқсат туралы мәліметтерді, төлемді растайтын құжатты уәкілетті ұйым "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден алады.

Уәкілетті ұйым электрондық құжаттарды іске асырылған интеграция арқылы цифрлық құжаттар сервисінен порталда тіркелген пайдаланушының ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы бір реттік парольді беру арқылы немесе " цифрлық үкімет" веб-порталының хабарламасына жауап ретінде қысқа мәтіндік хабарлама жіберу арқылы ұсынылған құжат иесінің келісімі болған жағдайда алады.";

27-тармақт мынадай редакцияда жазылсын:

"27. Уәкілетті ұйымның әкімшілік актіні әкімшілік (сотқа дейінгі) тәртіппен қабылдауға байланысты әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізеді.

Өтініш берушінің шағымы "Мемлекеттік және әлеуметтік маңызы бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабының 2-тармағына сәйкес:

уәкілетті ұйымның оны тіркеген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде;

азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның оны тіркеген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қарауына жатады.

Шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті ұйымға және (немесе) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды тұлғаға, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

Уәкілетті ұйым, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте, егер 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік әрекет қабылданса, уәкілетті ұйым, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам шағымды қарайтын органға шағым жібермейді.

Уәкілетті ұйымның, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның,

мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның шағымды қарау мерзімі "Мемлекеттік және әлеуметтік маңызы бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабының 4-тармағына сәйкес:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізген;

2) қосымша ақпарат алған жағдайларда 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда шағымдарды қарау бойынша өкілеттіктер берілген лауазымды адам шағымды қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағым берген өтініш берушіге ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімінің ұзартылғаны туралы жазбаша нысанда (шағым қағаз жеткізгіште берілген кезде) немесе электрондық нысанда (шағым электрондық түрде берілген кезде) хабарлайды.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабының 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.";

1-қосымша осы бұйрықтар тізбесіне 17-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын";

8. "Сертификаттау және үлгі сертификатын беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 16 қазандағы № 994 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12812 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 1-тармағының 41-20) тармақшасына және "Мемлекеттік және әлеуметтік маңызы бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

Сертификаттау және үлгі сертификатын беру қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Сертификаттау және үлгі сертификатын беру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 14-бабы 1-тармағының 41-20) тармақшасына және "Мемлекеттік және әлеуметтік маңызы бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік және әлеуметтік маңызы бар көрсетілетін қызметтер туралы заңы) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және сертификаттау және үлгі сертификатын беру және "Азаматтық әуе кемесінің, қозғалтқыштың және әуе винтінің

үлгі сертификатын беру" мемлекеттік қызметтерді көрсету тәртібін айқындайды.";

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Сертификаттау жұмыстары және үлгі сертификатын беру "Ұшу жарамдылығы бойынша нұсқау" ИКАО құжатының (Doc. 9760) талаптарына сәйкес жүргізіледі.

Үлгі сертификатын алу үшін әзірлеуші азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымға (бұдан әрі - уәкілетті ұйым) "цифрлық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы арқылы (бұдан әрі – портал) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес өтінімді және осы Қағидаларға 1-1-қосымшаға сәйкес "Азаматтық әуе кемесінің, қозғалтқыштың және әуе винтінің үлгі сертификатын беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің (бұдан әрі - Азаматтық әуе кемесінің, қозғалтқыштың және әуе винтінің үлгі сертификатын беру бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі) 8-тармағында көзделген тізбе бойынша құжаттар топтамасын жолдайды.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі Азаматтық әуе кемесінің, қозғалтқыштың және әуе винтінің үлгі сертификатын беру бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде келтірілген.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу кезінде электрондық цифрлық куәландырылған (қол қойылған) немесе бір реттік парольмен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш "цифрлық үкіметтің" шлюзі арқылы көрсетілетін қызметті берушінің "Е-лицензиялау" цифрлық жүйесіне (бұдан әрі – ЕЛ) құжаттарды қабылдаған күні жіберіледі.

Өтінішті өңдеуді көрсетілетін қызметті беруші ЕЛ-ға өтініш келіп түскен кезден бастап жүзеге асырады.

Портал арқылы жүгінген кезде, әзірлеушінің "жеке кабинетіне" мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін алу күні көрсетіле отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.

Әзірлеуші жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда, мемлекеттік қызметті көрсету жөніндегі өтінімді тіркеу мынадай жұмыс күні жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 7-тармағында көзделген жұмыс кестесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы, азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу туралы, пайдаланушы сертификаты, авиациялық жұмыстарды орындау құқығына куәлігі, ұшуларды орындау құқығына куәлігі туралы мәліметтерді,төлемді растайтын құжат, уәкілетті ұйым "цифрлық үкімет" шлюзі

арқылы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден алады.

Цифрлық жүйелерден алынатын құжаттарды әзірлеушіден талап етуге жол берілмейді.";

31-1-тармақтың екінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Әзірлеушінің шағымы Мемлекеттік және әлеуметтік маңызы бар көрсетілетін қызметтер туралы заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес:";

31-1-тармақтың бірінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"31-2. Уәкілетті ұйымның, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның шағымды қарау мерзімі Мемлекеттік және әлеуметтік маңызы бар көрсетілетін қызметтер туралы заңның 25-бабының 4-тармағына сәйкес:";

1-1-қосымша осы бұйрықтар тізбесіне 18-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын";

9. "Жалпы мақсаттағы авиацияны пайдаланушыларды ұшуға рұқсат беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 қазандағы № 1023 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12804 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 1-тармағының 41-33) тармақшасына және "Мемлекеттік және әлеуметтік маңызы бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жалпы мақсаттағы авиацияны пайдаланушыларды ұшуға рұқсат беру қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Жалпы мақсаттағы авиацияны пайдаланушыларды ұшуға рұқсат беру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 1-тармағының 41-33) тармақшасына (бұдан әрі - Заң), "Мемлекеттік және әлеуметтік маңызы бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік және әлеуметтік маңызы бар көрсетілетін қызметтер туралы заңы) және 1992 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қаулысымен ратификацияланған Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияның 6-қосымшасына сәйкес әзірленді.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Ұшуларды орындау құқығына куәлік беру (жалпы мақсаттағы авиация пайдаланушы) мемлекеттік көрсетілетін қызметі алу үшін өтініш беруші "цифрлық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы ұшуды орындауды бастаудың

жоспарланған күніне дейін 60 (алпыс) жұмыс күні бұрын: уәкілетті ұйымына осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жалпы мақсаттағы авиацияны пайдаланушыларға ұшуды орындау құқығына куәлік алуға арналған өтінімді (бұдан әрі – өтінім) және осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес Ұшуларды орындау құқығына куәлік беру (жалпы мақсаттағы авиация пайдаланушы) мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің (бұдан әрі - Мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі) 8-тармағында көзделген құжаттарды жібереді.

Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, қызмет көрсету процесінің сипаттамаларын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі Мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде жазылған.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу кезінде электрондық цифрлық куәландырылған (қол қойылған) немесе бір реттік парольмен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш "цифрлық үкіметтің" шлюзі арқылы көрсетілетін қызметті берушінің "Е-лицензиялау" цифрлық жүйесіне (бұдан әрі - ЕЛ) құжаттарды қабылдаған күні жіберіледі.

Өтінішті өңдеуді көрсетілетін қызметті беруші ЕЛ-ға өтініш келіп түскен кезден бастап жүзеге асырады.

Өтініш беруші барлық қажетті құжаттарды электрондық түрде портал арқылы берген кезде – өтініш берушінің "жеке кабинетінде" мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

Өтініш беруші жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда, мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі өтінімді тіркеу мынадай жұмыс күні жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 7-тармағында көзделген жұмыс кестесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Жеке басты куәландыратын құжаттар, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтерді уәкілетті ұйым " цифрлық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден алады.

Уәкілетті ұйым электрондық құжаттарды "цифрлық үкімет" веб-порталында тіркелген пайдаланушының ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы ұсынылған құжат иесінің келісімі болған жағдайда, іске асырылған интеграция арқылы цифрлық құжаттар сервисінен бір реттік парольді беру арқылы немесе "цифрлық үкімет" веб-порталының хабарламасына жауап ретінде қысқа мәтіндік хабарлама жіберу арқылы алады.

Өтініш берушіден цифрлық жүйелерден алынатын құжаттарды талап етуге жол

берілмейді.";

22-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"22. Өтініш берушінің шағымы "Мемлекеттік және әлеуметтік маңызы бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 25-бабының 2-тармағына сәйкес:";

23-тармақтың төртінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Уәкілетті ұйымның, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның шағымды қарау мерзімі "Мемлекеттік және әлеуметтік маңызы бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 25-бабының 4-тармағына сәйкес:";

2-қосымша осы бұйрықтар тізбесіне 19-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын";

10. "Пайдаланушыны авиациялық жұмыстарға рұқсат беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 қазандағы № 1024 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12511 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 14-бабы 1-тармағының 41-32) тармақшасына және "Мемлекеттік және әлеуметтік маңызы бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Пайдаланушыны авиациялық жұмыстарға рұқсат беру қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Пайдаланушыны авиациялық жұмыстарға рұқсат беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 14-бабы 1-тармағының 41-32) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік және әлеуметтік маңызы бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік және әлеуметтік маңызы бар көрсетілетін қызметтер туралы заңы) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және пайдаланушыны авиациялық жұмыстарға рұқсат беру және "Авиациялық жұмыстарды орындау құқығына куәлік беру" мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайды.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Авиациялық жұмыстарды орындау құқығына куәлік беру" мемлекеттік қызметін алу үшін өтініш беруші "цифрлық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы уәкілетті ұйымға пайдаланушының авиациялық жұмыстарды орындауға рұқсат алуына электрондық цифрлық қолтаңбамен (бұдан әрі - ЭЦҚ) қол қойылған өтінімді (бұдан әрі

- өтінім) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша және осы Қағидаларға 2 -қосымшаға сәйкес "авиациялық жұмыстарды орындау құқығына куәлік беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің (бұдан әрі – Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі) 8-тармағына сәйкес құжаттар топтамасын жібереді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу кезінде электрондық цифрлық куәландырылған (қол қойылған) немесе бір реттік парольмен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш "цифрлық үкіметтің" шлюзі арқылы көрсетілетін қызметті берушінің "Е-лицензиялау" цифрлық жүйесіне (бұдан әрі – ЕЛ) құжаттарды қабылдаған күні жіберіледі.

Өтінішті өңдеуді көрсетілетін қызметті беруші ЕЛ-ға өтініш келіп түскен кезден бастап жүзеге асырады.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Уәкілетті ұйым құжаттар мен мәліметтерді олар келіп түскен күні тіркеуді жүзеге асырады.

Өтініш беруші жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері портал арқылы жүгінген жағдайда Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтінішті қабылдау келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 7-тармағында көзделген жұмыс кестесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы, білімі, авиация персоналының куәлігі , заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтерді, авиациялық жұмыстарды орындау құқығына арналған куәлік, азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу, ұшуға жарамдылық сертификаты, әуе кемесінің шуыл бойынша сертификаты, радиотаратқыш аппаратураны пайдалануға рұқсаттарын, төлемді растайтын, уәкілетті ұйым тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы алады.

Уәкілетті ұйым электрондық құжаттарды порталда тіркелген пайдаланушының ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы ұсынылған құжат иесінің келісімі болған жағдайда, іске асырылған интеграция арқылы цифрлық құжаттар сервисінен бір реттік парольді беру арқылы немесе порталдың хабарламасына жауап ретінде қысқа мәтіндік хабарлама жіберу арқылы алады.

Цифрлық жүйелерден алынуы мүмкін құжаттарды өтініш берушіден талап етуге жол берілмейді.";

36-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"36. Мемлекеттік және әлеуметтік маңызы бар көрсетілетін қызметтер туралы заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес өтініш берушінің шағымы:";

37-тармақтың төртінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Уәкілетті ұйымның, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның,

мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның шағымды қарау мерзімі Мемлекеттік және әлеуметтік маңызы бар көрсетілетін қызметтер туралы заңның 25-бабының 4-тармағына сәйкес:";

2-қосымша осы бұйрықтар тізбесіне 20-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын".

11. "Ұшу құрамының, кабина экипажының адамдарына, ұшуға техникалық қолдау көрсетуді қамтамасыз ететін инженерлік-техникалық құрамға және ұшу кезінде әуе кемесінің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін персоналға экипаж мүшесінің куәлігін беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 22 маусымдағы № 378 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15478 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 108-бабына және "Мемлекеттік және әлеуметтік маңызы бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

Ұшу құрамының, кабина экипажының адамдарына, ұшуға техникалық қолдау көрсетуді қамтамасыз ететін инженерлік-техникалық құрамға және ұшу кезінде әуе кемесінің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін персоналға экипаж мүшесінің куәлігін беру қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Ұшу құрамының, кабина экипажының адамдарына, ұшуға техникалық қолдау көрсетуді қамтамасыз ететін инженерлік-техникалық құрамға және ұшу кезінде әуе кемесінің авиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін персоналға экипаж мүшесінің куәлігін беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 108-бабына және "Мемлекеттік және әлеуметтік маңызы бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік және әлеуметтік маңызы бар көрсетілетін қызметтер туралы заңы) 10-бабының 1) тармақшасына, Халықаралық азаматтық авиация ұйымы (бұдан әрі – ИКАО) стандарттарына және ұсынатын практикасына сәйкес әзірленді және ұшу құрамының, кабина экипажының адамдарына, ұшуға техникалық қолдау көрсетуді қамтамасыз ететін инженерлік-техникалық құрамға және ұшу кезінде әуе кемесінің авиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін персоналға экипаж мүшесінің куәлігін беру және "Экипаж мүшесінің куәлігін беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметінің (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет) тәртібін анықтайды.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7 ЭМК беруге кедергі болатын ақпарат жоқ болғанда көрсетілетін қызмет алушы мынадай құжаттарды қоса отырып, осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан

бойынша хат-өтінімді көрсетілетін қызметті берушіге "цифрлық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы жолдайды:

1) лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың электрондық көшірмесі;

2) ЭМК алушының тегін, атын, әкесінің атын (бар болған кезде), лауазымын көрсете отырып, жеке қолы үлгісінің, мөлшері 9 х 12 түрлі-түсті (күңгірт) фотоның (jpg графикалық форматта бас киімсіз және нысанды киімде) электрондық көшірмесі;

3) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес мәліметтер нысаны;

4) мемлекеттік цифрлық жүйеде мәліметтер болмаған жағдайда, авиациялық персоналдың қолданыстағы куәлігінің электрондық көшірмесі (ұшу құрамының адамдарына, ұшуды техникалық сүйемелдеуді қамтамасыз ететін инженерлік-техникалық құрамға);

5) Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органының келісу хатының электрондық көшірмесі;

6) жеке басын куәландыратын құжаттар, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), авиациялық персоналдың қолданыстағы куәлігінің, төлемді растайтын құжат, (ұшу құрамының, кабина экипажының адамдарына, ұшуды техникалық сүйемелдеуді қамтамасыз ететін инженерлік-техникалық құрамға) туралы мәліметті көрсетілетін қызметті беруші "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден алады.

Авиация персоналының шетелдік сертификаттарын ұсынған жағдайда азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның осы куәліктерді растаудың электрондық көшірмесін қоса беру қажет.

Ұшуда әуе кемесінің авиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін персонал үшін ИКАО оқу орталығында алынған авиациялық қауіпсіздік қызметінің басшысы сертификаттың электрондық көшірмесі.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу кезінде электрондық цифрлық куәландырылған (қол қойылған) немесе бір реттік парольмен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтінім "цифрлық үкіметтің" шлюзі арқылы көрсетілетін қызметті берушінің ЕЛ цифрлық жүйесіне құжаттарды қабылдаған күні жіберіледі.

Өтінімді өңдеуді көрсетілетін қызметті беруші ЕЛ-ға өтінім келіп түскен кезден бастап жүзеге асырады.";

9 және 10-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері осы Қағидалардың 7-тармағында көрсетілген құжаттар мен мәліметтерді олар келіп түскен күні тіркеуді жүзеге асырады, мәртебесі туралы көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинеті арқылы хабардар етіледі.

Өтініш беруші жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда өтінішті

қабылдау және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 7-тармағында көзделген жұмыс кестесіне сәйкес жүзеге асырылады.

10. Уәкілетті ұйым ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді және өтініш беруші негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағында көзделген құжаттар топтамасын толық ұсынбаған кезде өтінішті портал арқылы қабылдаудан бас тартады.";

17-тармақтың төртінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Көрсетілетін қызметті алушының шағымы Мемлекеттік және әлеуметтік маңызы бар көрсетілетін қызметтер туралы заңының 25-бабының 2-тармағына сәйкес:";

1-қосымша осы бұйрықтар тізбесіне 21-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын".

12. "Аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушіні сертификаттау және оған сертификат беру қағидаларын, сондай-ақ аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушілерге қойылатын сертификаттау талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 26 маусымдағы № 384 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15468 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 1-тармағының 41-27) тармақшасына және "Мемлекеттік және әлеуметтік маңызы бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушіні сертификаттау және оған сертификат беру қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушіні сертификаттау және оған сертификат беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 14-бабы 1-тармағының 41-27) тармақшасына, 35-1 және 35-2-баптарына және "Мемлекеттік және әлеуметтік маңызы бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік және әлеуметтік маңызы бар көрсетілетін қызметтер туралы заңы) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленген.";

9 және 10 -тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушінің сертификатын алу үшін өтініш беруші (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) уәкілетті ұйымға осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушінің

сертификатын алуға өтінішті (бұдан әрі – өтініш) және осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес "Аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушінің сертификатын беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде (бұдан әрі – негізгі талаптардың тізбесі) көзделген тізбе бойынша құжаттар топтамасын "цифрлық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жібереді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу кезінде электрондық цифрлық куәландырылған (қол қойылған) немесе бір реттік парольмен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтінім "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы көрсетілетін қызметті берушінің "Е-лицензиялау" цифрлық жүйесіне (бұдан әрі – ЕЛ) құжаттарды қабылдаған күні жіберіледі.

Өтінімді өңдеуді көрсетілетін қызметті беруші ЕЛ-ға өтінім келіп түскен кезден бастап жүзеге асырады.

Портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушының жүгіну тарихындағы "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызметті көрсету үшін электрондық сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес негізгі талаптардың тізбесінде жазылған.

10. Уәкілетті ұйым құжаттарды келіп түскен күні тіркеуді жүзеге асырады. Құжаттарды қараудың және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін берудің жалпы мерзімі олар келіп түскен күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнін құрайды.

Мемлекеттік қызмет көрсету мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 7-тармағында көзделген жұмыс кестесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы құжаттар туралы мәліметтерді, төлемді растайтын құжатты уәкілетті ұйым "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден алады.";

25-2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"25-2. Шағым шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған, көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) лауазымды адамға беріледі.

Шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам, егер 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім қабылдаса не

әрекет жасаса, ол шағымды қарайтын органға шағымды жібермейді.

Көрсетілетін қызметті алушының шағымы Мемлекеттік және әлеуметтік маңызы бар көрсетілетін қызметтер туралы заңының 25-бабының 2-тармағына сәйкес:

көрсетілетін қызметті беруші, уәкілетті орган - тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде;

мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган - ол тіркелген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.";

25-3-тармақтың бірінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"25-3. Көрсетілетін қызметті берушінің, уәкілетті органның, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның шағымды қарау мерзімі Мемлекеттік және әлеуметтік маңызы бар көрсетілетін қызметтер туралы заңының 25-бабының 4-тармағына сәйкес:";

2-қосымша осы бұйрықтар тізбесіне 22-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын".

13. "Қазақстан Республикасында шетелдік әуемен тасымалдаушыларды аккредиттеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 26 маусымдағы № 382 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15386 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 81-бабының 3-тармағына және " Мемлекеттік және әлеуметтік маңызы бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Қазақстан Республикасында шетелдік әуемен тасымалдаушыларды аккредиттеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 81-бабының 3-тармағына және "Мемлекеттік және әлеуметтік маңызы бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасында шетелдік әуемен тасымалдаушыларды аккредиттеу және Қазақстан Республикасының аумағында өз қызметін жүзеге асыратын шетелдік тасымалдаушыларды аккредиттеу туралы куәлік беру" мемлекеттік қызметін көрсету тәртібін айқындайды.";

2-қосымша осы бұйрықтар тізбесіне 23-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын";

14. "Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 30 маусымдағы № 409 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15553 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 45-бабының 2-тармағына және " Мемлекеттік және әлеуметтік маңызы бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Қазақстан Республикасы азаматтық әуе кемелерін және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) талаптарына және "Мемлекеттік және әлеуметтік маңызы бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік және әлеуметтік маңызы бар көрсетілетін қызметтер туралы заңы) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді, азаматтық әуе кемелерін және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу тәртібін және "Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркеу туралы куәліктер беру" мемлекеттік қызметті көрсету , сондай-ақ оларға құқықтарды куаландыратын құжаттардың нысандарын мемлекеттік тіркеу тәртібін айқындайды.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу туралы куәліктерді алу үшін өтініш беруші уәкілетті ұйымға "цифрлық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әуе кемесін мемлекеттік тіркеуге өтінімді және осы Қағидаларға 2-1-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркеу туралы куәліктер беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің (бұдан әрі – Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі) 8-тармағында көзделген тізбе бойынша құжаттар топтамасын ұсынады.

Құжаттар топтамасымен ұсынылатын әуе кемесінің техникалық жай-күйін тексеру актісі осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалады.

Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, қызмет көрсету процесінің сипаттамаларын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде жазылған.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу кезінде электрондық цифрлық куәландырылған (қол қойылған) немесе бір реттік парольмен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтінім "цифрлық үкіметтің" шлюзі арқылы көрсетілетін қызметті берушінің "Е-лицензиялау" цифрлық жүйесіне (бұдан әрі – ЕЛ)

құжаттарды қабылдаған күні жіберіледі.

Өтінімді өңдеуді көрсетілетін қызметті беруші ЕЛ-ға өтінім келіп түскен кезден бастап жүзеге асырады.";

10-2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10-2. Уәкілетті ұйым құжаттарды келіп түскен күні тіркеуді жүзеге асырады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 7-тармағында көзделген жұмыс кестесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы, азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу туралы, пайдаланушы сертификаты, жергілікті жердегі шу бойынша сертификат, радиостанцияға сертификат, авиациялық жұмыстарды орындау құқығына куәлік, төлемді растайтын құжат туралы мәліметтерді уәкілетті ұйым " цифрлық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелер.";

27-2-тармақтың екінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Өтініш берушінің шағымы Мемлекеттік және әлеуметтік маңызы бар көрсетілетін қызметтер туралы заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес:";

27-3-тармақтың бірінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"27-3. Уәкілетті ұйымның, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның шағымды қарау мерзімі Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңының 25-бабының 4-тармағына сәйкес:";

56-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"56-1. Пилотсыз авиациялық жүйені есепке қою туралы куәлікті алу үшін өтініш беруші уәкілетті ұйымға портал арқылы осы Қағидаларға 10-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пилотсыз авиациялық жүйені есепке қоюға өтінімді және (немесе) осы Қағидаларға 10-2-қосымшаға сәйкес "Пилотсыз авиациялық жүйені есепке қою" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің (бұдан әрі - Негізгі талаптардың тізбесі) 8-тармағында көзделген тізбе бойынша құжаттарды ұсынады.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтер негізгі талаптардың тізбесінде баяндалған.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу кезінде электрондық цифрлық куәландырылған (қол қойылған) немесе бір реттік парольмен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтінім "цифрлық үкіметтің" шлюзі арқылы көрсетілетін қызметті берушінің ЕЛ құжаттарды қабылдаған күні жіберіледі.

Өтінімді өңдеуді көрсетілетін қызметті беруші ЕЛ-ға өтінім келіп түскен кезден

бастап жүзеге асырады.

Портал арқылы жүгінгеннен кейін өтініш берушіге "жеке кабинетіне" мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін алу күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызмет көрсету үшін өтінімнің қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.

Құжаттарды портал арқылы жіберген кезде олар өтініш берушінің ЭЦҚ-мен куәландырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті мәліметтерді қамтитын цифрлық жүйенің істен шығуы кезінде уәкілетті ұйым техникалық іркілістер анықталған сәттен бастап бірыңғай қолдау қызметіне сұрау салу жіберу арқылы "цифрлық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторын дереу хабардар етеді." ;

56-2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"56-2. Уәкілетті ұйым өтінімді олар келіп түскен күні тіркеуді жүзеге асырады.

Өтінім берген кезде қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді.

Мемлекеттік қызмет көрсету мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 7-тармағында көзделген жұмыс кестесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтерді уәкілетті ұйым "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден алады.

Өтініш беруші жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде Мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі өтінімді тіркеу келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.";

61-1-тармақтың екінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік және әлеуметтік маңызы бар көрсетілетін қызметтер туралы заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес өтініш берушінің шағымы қаралуға тиіс:";

61-2-тармақтың бірінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"61-2. Шағымды уәкілетті ұйымның, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның қарау мерзімі Мемлекеттік және әлеуметтік маңызы бар көрсетілетін қызметтер туралы заңның 25-бабының 4-тармағына сәйкес:";

2-1-қосымша осы бұйрықтар тізбесіне 24-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын";

10-2-қосымша осы бұйрықтар тізбесіне 25-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын ";

15. "Жеңіл және аса жеңіл авиация саласындағы сертификаттау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 19 шілдедегі № 483 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15633 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 1-тармағының 41-23) тармақшасына және ""Мемлекеттік және әлеуметтік маңызы бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жеңіл және аса жеңіл авиация саласындағы сертификаттау қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Жеңіл және аса жеңіл авиация саласындағы сертификаттау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 14-бабы 1 -тармағының 41-23) тармақшасына және "Мемлекеттік және әлеуметтік маңызы бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік және әлеуметтік маңызы бар көрсетілетін қызметтер туралы заңы) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және жеңіл және аса жеңіл авиация саласындағы сертификаттау және "Жеңіл және аса жеңіл авиация әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатын беру", "Азаматтық әуе кемесі данасының ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкестігі туралы куәлік беру" мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін белгілейді.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Жеңіл және аса жеңіл авиация әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатын алу үшін өтініш беруші уәкілетті ұйымға осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінім және осы Қағидаларға 2-қосымшада көзделген "Жеңіл және аса жеңіл авиация әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатын беру" мемлекеттік қызметтер көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің (бұдан әрі – талаптардың тізбесі) 8-тармағында көзделген тізбе бойынша құжаттар топтамасын "цифрлық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жібереді.

Құжаттар топтамасымен ұсынылатын жеңіл және аса жеңіл авиация әуе кемесінің техникалық жай-күйін тексеру және ұшуға жарамдылығын айқындау актісі (бұдан әрі - тексеру актісі) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу кезінде электрондық цифрлық куәландырылған (қол қойылған) немесе бір реттік парольмен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтінім "цифрлық үкіметтің" шлюзі арқылы көрсетілетін қызметті берушінің "Е-лицензиялау" цифрлық жүйесіне (бұдан әрі - ЕЛ) құжаттарды қабылдаған күні жіберіледі.

Өтінімді өңдеуді көрсетілетін қызметті беруші ЕЛ-ға өтінім келіп түскен кезден бастап жүзеге асырады.

Портал арқылы жүгінгенде өтініш берушіге "жеке кабинетке" мемлекеттік қызмет

көрсету нәтижесін алу күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызметтер көрсету үшін өтінімнің қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.

Өтініш беруші жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінгенде, мемлекеттік қызметтер көрсету жөніндегі өтінішті тіркеу мынадай жұмыс күні жүзеге асырылады.

Уәкілетті ұйым құжаттарды келіп түскен күні тіркеуді жүзеге асырады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 7-тармағында көзделген жұмыс кестесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы, пайдаланушының сертификаты, азаматтық әуе кемесі үлгісіндегі сертификат, авиациялық жұмыстарды орындау құқығына куәлік, ұшуларды орындау құқығына куәлік туралы мәліметтерді уәкілетті ұйым "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден алады.

Өтініш беруші мемлекеттік қызметтер көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды толық ұсынбағанда уәкілетті ұйым тіркелген күннен бастап өтінімді қабылдаудан бас тартады.

Өтініш беруші мемлекеттік қызметтер көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынған кезде уәкілетті ұйым тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде заң талаптары мен Халықаралық Азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) стандарттарына Халықаралық Азаматтық авиация туралы конвенцияға 6-қосымша Әуе кемелерін пайдалану, Халықаралық Азаматтық авиация туралы конвенцияға 8-қосымша Әуе кемелерінің ұшуға жарамдылығы, сәйкестігін тексергеннен кейін, құжаттар тартылған коммерциялық емес ұйымдарға береді.";

31-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"31. Азаматтық әуе кемесі данасының ұшу жарамдылығы нормаларына сәйкестігі туралы куәлікті алу үшін өтініш беруші (әзірлеуші/дайындаушы) уәкілетті ұйымға портал арқылы осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша азаматтық әуе кемесі данасын сертификаттауға өтінімді және осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес " Азаматтық әуе кемесі данасының сәйкестік куәлігін беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағында көзделген тізбе бойынша құжаттар топтамасын жібереді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу кезінде электрондық цифрлық куәландырылған (қол қойылған) немесе бір реттік парольмен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтінім "цифрлық үкіметтің" шлюзі арқылы көрсетілетін қызметті берушінің ЕЛ-ға құжаттарды қабылдаған күні жіберіледі.

Өтінімді өңдеуді көрсетілетін қызметті беруші ЕЛ-ға өтінім келіп түскен кезден

бастап жүзеге асырады.";

36-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"36. Уәкілетті ұйым құжаттарды келіп түскен күні тіркеуді жүзеге асырады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 7-тармағында көзделген жұмыс кестесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы, авиациялық жұмыстарды орындау құқығына куәлік туралы мәліметтерді, төлемді растайтын құжатты уәкілетті ұйым "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден алады.";

47-тармақтың екінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Өтініш берушінің шағымы Мемлекеттік және әлеуметтік маңызы бар көрсетілетін қызметтер туралы заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес:"

48-тармақтың бірінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"48. Уәкілетті ұйымның, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның Мемлекеттік және әлеуметтік маңызы бар көрсетілетін қызметтер туралы заңның 25-бабының 4-тармағына сәйкес шағымды қарау мерзімі:";

2-қосымша осы бұйрықтар тізбесіне 26-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын";

10-қосымша осы бұйрықтар тізбесіне 27-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын".

Өзгерістер енгізілетін кейбір
бұйрықтардың тізбесіне
1-қосымша

Авиация персоналы куәліктерін
беру және олардың қолданылу
мерзімін ұзарту қағидаларына
4-қосымша

"Авиация персоналына куәліктер беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

"Авиация персоналына куәліктер беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің атауы: **Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің атауы (бар болса):** **1. Ұшу экипажы мүшесінің куәлігін беру;** **2. Сыртқы пилот куәлігін беру;** **3. Әуе қозғалысына қызмет көрсету диспетчерінің, авиациялық станция операторының куәлігін беру;** **4. Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың куәлігін беру;** **5. Жеңіл және аса жеңіл әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың куәлігін беру;** **6. Ұшуды қамтамасыз ету жөніндегі қызметкердің немесе ұшу диспетчерінің куәлігін беру;** **7. Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персонал куәлігінің қолданылу мерзімін ұзарту;** **8. Жеңіл және аса жеңіл әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персонал куәлігінің қолданылу мерзімін ұзарту;**

9. Ұшуды қамтамасыз ету жөніндегі қызметкер немесе ұшу диспетчері куәлігінің қолданылу мерзімін ұзарту; **11. Сыртқы пилоттың куәлігіне біліктілік және арнайы белгілерді енгізу немесе олардың қолданылу мерзімін ұзарту;** **12. Әуе қозғалысына қызмет көрсету диспетчерінің, авиациялық станция операторының куәлігіне біліктілік және арнайы белгілерді енгізу немесе олардың қолданылу мерзімін ұзарту;** **13. Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың куәлігіне біліктілік және арнайы белгілерді енгізу;** **10. Ұшу экипажы мүшесінің куәлігіне біліктілік және арнайы белгілерді енгізу немесе олардың қолданылу мерзімін ұзарту;** **14. Авиация персоналының куәлігін және (немесе) оған қосымшаны ауыстыру.**		
1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	"Қазақстанның авиациялық әкімшілігі" акционерлік қоғамы
2	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету тәсілдері	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің барлық кіші түрлері бойынша: 1) Мемлекеттік корпорация; 2) портал.
3	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету мерзімі	"Қазақстанның авиациялық әкімшілігі" акционерлік қоғамына құжаттар келіп түскен күннен бастап – 15 (он бес) жұмыс күні;
4	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нысаны	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің барлық кіші түрлері бойынша: электрондық (ішінара автоматтандырылған)/қағаз түрінде.
5	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нәтижесі	авиация персоналына куәліктер беру; авиациялық персонал куәлігінің қолданылу мерзімін ұзарту; біліктілік және арнайы белгілердің қолданылу мерзімін енгізу немесе ұзарту; куәлікті және (немесе) оған қосымшаны жоғалған, ұрланған, бүлінген, тегін, атын, әкесінің атын ауыстырған (бар болса), кітап үлгісіндегі куәлікті пластикалық карточка түріндегі куәлікке ауыстырған кезде ауыстыру; осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы хабарлама.
		Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның ақылы қызметтерінің тізбесіне және

6	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	азаматтық авиация саласындағы төлем ставкаларына сәйкес. Төлем екінші деңгейдегі банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы, сондай-ақ портал арқылы қолма-қол және қолма-қол ақшасыз нысанда жүргізіледі, төлем "цифрлық үкімет" төлем шлюзі арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.
7	Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі	1) уәкілетті ұйымға – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 13.00-ден 14.00-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 08:00-ден 17.00-ге дейін. 2) мемлекеттік корпорацияда – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жексенбі және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, жұмыс кестесіне сәйкес сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін түскі үзіліссіз, сенбі күні сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін; Мемлекеттік қызмет көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша электрондық кезек тәртібімен, жеделдетілген қызмет көрсетусіз көрсетіледі, электрондық кезекті портал арқылы "броньдауға" болады; 3) порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).
		8.1. Ұшу экипажы мүшесінің куәлігін беру:

		8.1.1. ұшу экипажы мүшесінің куәлігін алу үшін өтініш беруші мынадай құжаттарды ұсынады: өтініш: PPL жеке пилотының (ұшақтың, тікұшақтың, дирижабльдің, көтеру күшін ұлғайту жүйесі бар әуе кемесінің), CPL коммерциялық авиациясының пилотының (ұшақтың, тікұшақтың, дирижабльдің, көтеру күшін ұлғайту жүйесі бар әуе кемесінің), MPL көпмүшелік экипажының (ұшағының) ұшқышының, ATPL желілік пилотының (ұшақтың, тікұшақтың, әуе кемесінің) куәліктеріне қатысты арттыру жүйесімен), осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың осы тізбесіне 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш (ЖСН, Тегі, Аты және әкесінің аты (бар болса) ағылшын тілінде баспа әріптерімен көрсетілген); ULAPL аса жеңіл әуе кемесі пилотының (мотодельтаплан, автожир, дирижабль, көтеру күшін ұлғайту жүйесі бар әуе кемесі), LAPL жеңіл әуе кемесі (ұшақтың, тікұшақтың) пилотының, FBPL еркін аэростат пилотының, GPL планер пилотының, FROL бортрадистінің куәліктеріне қатысты осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне 1-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш; осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 2-қосымшаға сәйкес өтініш FNL штурман куәлігіне қатысты; осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш FEL бортинженерінің (бортмеханигінің) куәлігіне қатысты; теориялық емтихандарды табысты тапсырғаны туралы сертификатты қоса бере отырып, АОО бітіргені туралы құжаттардың көшірмелері;

		осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұшақ пилоттары үшін біліктілік деңгейін тексеру актісінің (LPC) көшірмесі немесе осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тікұшақ пилоттары үшін ұшуды тексеру актісі немесе осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұшуды тексеру актісінің көшірмесі; осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша азаматтық авиация ұйымының қолымен және мөрімен (бар болса) куәландырылған ұшу экипажының мүшелеріне ұсыным; басқа елдердің азаматтарына паспорттың көшірмесі; екі фотосурет (түрлі-түсті, күңгірт , өлшемі 3,5 х 4,5 см, фотосуретке қараушы жағынан оң жақ бұрышымен); тиісті медициналық сертификаттың көшірмесі; радиотелефон байланысында пайдаланылатын ағылшын тілін білуге арналған тестілеуден өткенін растайтын сертификаттың көшірмесі (халықаралық ұшуды орындайтын ұшу экипажының мүшелері үшін); қауіп пен қателік факторларын бақылау қағидаттарын қоса алғанда, адамның мүмкіндіктері бойынша оқудан өткенін растайтын құжаттың көшірмесі; ұшу кітапшасының көшірмесі; толтырылған сәйкестік парағы, осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әскери есепке алуды есепке алу (Мемлекеттік авиациядан келгендер үшін);

		ұшу экипажы мүшелері куәлігінің түпнұсқасы (куәлікті ауыстыру кезінде); мемлекеттік қызмет көрсеткені үшін төленгенін растайтын мәліметтердің электрондық көшірмесі. 8.2. Сыртқы пилот куәлігін беру: 8.2.1. сыртқы пилот куәлігін алу үшін өтініш беруші мынадай құжаттарды ұсынады: осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне 1-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш; АОО немесе авиациялық оқу орнын бітіргені туралы құжаттардың көшірмелері; осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдан басқа, басқа авиация персоналы үшін ұйымның қолымен және мөрімен (бар болса) куәландырылған ұсыным; екі фотосурет (түрлі-түсті, күңгірт , өлшемі 3,5 х 4,5 см, фотосуретке қараушы жағынан оң жақ бұрышымен); тиісті медициналық сертификаттың көшірмесі; қауіп пен қателік факторларын бақылау қағидаттарын қоса алғанда, адамның мүмкіндіктері бойынша оқудан өткенін растайтын құжаттың көшірмесі; басқа елдердің азаматтарына паспорттың көшірмесі; куәліктің түпнұсқасы (куәлікті ауыстыру кезінде). 8.3. Әуе қозғалысына қызмет көрсету диспетчерінің, авиациялық станция операторының куәлігін беру: 8.3.1. әуе қозғалысына қызмет көрсету диспетчерінің, авиациялық станция операторының куәлігін алу үшін өтініш беруші мынадай құжаттарды ұсынады:

			осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне 1-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш; осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдан басқа, басқа авиация персоналы үшін азаматтық авиация ұйымының қолымен және мөрімен (бар болса) куәландырылған ұсыным; АОО бітіргені туралы құжаттардың көшірмелері; осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша біліктілік емтиханын өткізу хаттамасының көшірмесі; екі фотосурет (түрлі-түсті, күңгірт, өлшемі 3,5 х 4,5 см, фотосуретке қараушы жағынан оң жақ бұрышымен); тиісті медициналық сертификаттың көшірмесі (ӘҚҚ диспетчері үшін); қауіп пен қателік факторларын бақылау қағидаттарын қоса алғанда, адамның мүмкіндіктері бойынша оқудан өткенін растайтын құжаттың көшірмесі; радиотелефон байланысында пайдаланылатын ағылшын тілін білуге арналған тестілеуден өткенін растайтын сертификаттың көшірмесі (халықаралық ұшуларды қамтамасыз ету кезінде); басқа елдердің азаматтарына паспорттың көшірмесі; куәліктің түпнұсқасы (куәлікті ауыстыру кезінде); мемлекеттік қызмет көрсеткені үшін төленгенін растайтын мәліметтердің электрондық көшірмесі. 8.4. Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың куәлігін беру:

		8.4.1. әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың куәлігін алу үшін өтініш беруші мынадай құжаттарды ұсынады: осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш (ЖСН, Тегі, Аты және әкесінің аты (бар болса) ағылшын тілінде баспа әріптерімен көрсетілген); АОО - да бастапқы даярлықты сәтті аяқтағаны туралы сертификаттың көшірмесі не егер үміткерде бұрын осы куәлік болмаған болса, мерзімі сертификат берілген күннен бастап 10 жылдан аспайтын модульдік бағдарлама бойынша теориялық емтихандарды сәтті тапсырғаны туралы сертификаттың (сертификаттардың) көшірмесі; білім туралы құжаттың көшірмесі; осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың жеке журналының көшірмесі; A/B1/B2 санаты бойынша практикалық тағылымдаманың бағалау парағының көшірмесі; осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың жеке деректері; екі фотосурет (түрлі-түсті, күңгірт , өлшемі 3,5 х 4,5 см, фотосуретке қараушы жағынан оң жақ бұрышымен); "Қазақстандық және халықаралық авиациялық заңнама" бағдарламасы бойынша оқығаны туралы құжаттың көшірмесі (Үлгілік бағдарламалардың 10RK модулінің бағдарламасына сәйкес келетін), танылған шетелдік АОО-да базалық білімнің

		теориялық емтихандарын тапсыру туралы сертификат берілген жағдайда; басқа елдердің азаматтарына паспорттың көшірмесі; куәліктің және оған қосымшаның түпнұсқасы (XV тармақ) (куәлікті ауыстыру кезінде); мемлекеттік қызмет көрсеткені үшін төленгенін растайтын мәліметтердің электрондық көшірмесі. 8.5. Жеңіл және аса жеңіл әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың куәлігін беру: 8.5.1. жеңіл және аса жеңіл әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың куәлігін алу үшін өтініш беруші мынадай құжаттарды ұсынады: осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш; АОО - да бастапқы даярлықты сәтті аяқтағаны туралы сертификаттың көшірмесі немесе сертификат берілген күннен бастап 10 жылдан аспайтын модульдік бағдарлама бойынша теориялық емтихандарды сәтті тапсырғаны туралы сертификаттың (сертификаттардың) көшірмесі; білім туралы құжаттың көшірмесі; осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың жеке журналының көшірмесі; екі фотосурет (түрлі-түсті, күңгірт , өлшемі 3,5 х 4,5 см, фотосуретке қараушы жағынан оң жақ бұрышымен); "Қазақстандық және халықаралық авиациялық заңнама" бағдарламасы бойынша оқығаны туралы құжаттың көшірмесі (Үлгілік бағдарламалардың 10RK модулінің бағдарламасына сәйкес

			келетін) , танылған шетелдік АОО-да базалық білімнің теориялық емтихандарын тапсыру туралы сертификат берілген жағдайда; басқа елдердің азаматтарына паспорттың көшірмесі; әуе кемелерін пайдаланушыларды біріктіретін коммерциялық емес ұйымдардың (бұдан әрі – коммерциялық емес ұйым) тұрақты жұмыс істейтін Біліктілік комиссиясының ұсынысы және шешімі; куәліктің түпнұсқасы (куәлікті ауыстыру кезінде). 8.6. Ұшуды қамтамасыз ету жөніндегі қызметкердің немесе ұшу диспетчерінің куәлігін беру: 8.6.1. ұшуды қамтамасыз ету жөніндегі қызметкердің немесе ұшу диспетчерінің куәлігін алу үшін өтініш беруші мынадай құжаттарды ұсынады: осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне 1-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш; АОО аяқталғаны туралы құжаттың көшірмесі; азаматтық авиация ұйымының қолымен және мөрімен (бар болса) куәландырылған объективті деректері бар осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 9-қосымшаға сәйкес әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдан басқа, басқа авиация персоналы үшін ұсыну; екі фотосурет (түрлі-түсті, күңгірт , өлшемі 3,5 х 4,5 см, фотосуретке қараушы жағынан оң жақ бұрышымен); қауіп пен қателік факторларын бақылау қағидаттарын қоса алғанда, адамның мүмкіндіктері бойынша оқудан өткенін растайтын құжаттың көшірмесі; басқа елдердің азаматтарына паспорттың көшірмесі;

		куәліктің түпнұсқасы (куәлікті ауыстыру кезінде). 8.7. Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персонал куәлігінің қолданылу мерзімін ұзарту: 8.7.1. әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персонал куәлігінің қолданылу мерзімін ұзарту үшін өтініш беруші мынадай құжаттарды ұсынады: осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш; куәліктің түпнұсқасы және оған қосымша (XV тармақ). 8.8. Жеңіл және аса жеңіл әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персонал куәлігінің қолданылу мерзімін ұзарту: 8.8.1. жеңіл және аса жеңіл әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персонал куәлігінің қолданылу мерзімін ұзарту үшін өтініш беруші мынадай құжаттарды ұсынады: осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш; коммерциялық емес ұйымның тұрақты жұмыс істейтін Біліктілік комиссиясының ұсынысы және шешімі; куәліктің түпнұсқасы және оған қосымша (XV-тармақ). 8.9. Ұшуды қамтамасыз ету жөніндегі қызметкер немесе ұшу диспетчері куәлігінің қолданылу мерзімін ұзарту: 8.9.1. ұшуды қамтамасыз ету жөніндегі қызметкер немесе ұшу диспетчері куәлігінің қолданылу мерзімін ұзарту үшін өтініш беруші мынадай құжаттарды ұсынады: көрсетілген еркін нысандағы өтініш (ЖСН, байланыс деректерін көрсете отырып (телефон, пошталық мекенжай),

			сондай-ақ цифрлық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім; мамандығы бойынша кәсіптік деңгейін ұстап тұру уақыты бойынша соңғы курстардан өткенін растайтын құжаттардың көшірмелері; қауіп пен қателік факторларын бақылау қағидаттарын қоса алғанда, адамның мүмкіндіктері бойынша оқудан өткенін растайтын құжаттың көшірмесі; куәліктің түпнұсқасы. 8.10. Ұшу экипажы мүшесінің куәлігіне біліктілік және арнайы белгілерді енгізу немесе олардың қолданылу мерзімін ұзарту: 8.10.1. ұшу экипажы мүшесінің куәлігіне біліктілік және арнайы белгілерді енгізу үшін өтініш беруші мынадай құжаттарды ұсынады: өтініш: PPL жеке пилотының (ұшақтың, тікұшақтың, дирижабльдің, көтеру күшін ұлғайту жүйесі бар әуе кемесінің), CPL коммерциялық авиациясының пилотының (ұшақтың, тікұшақтың, дирижабльдің, көтеру күшін ұлғайту жүйесі бар әуе кемесінің), MPL көпмүшелік экипажының (ұшағының) пилотының, ATPL желілік пилотының (ұшақтың, тікұшақтың, әуе кемесінің) куәліктеріне қатысты PPL жеке пилоттық жобасы (көтеру күшін ұлғайту жүйесімен), осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша; ULAPL аса жеңіл әуе кемесі пилотының (мотодельтаплан, автожир, дирижабль, көтеру күшін ұлғайту жүйесі бар әуе кемесі), LAPL (ұшақ, тікұшақ) жеңіл әуе кемесінің пилотының, FBPL еркін аэростат пилотының, GPL планер пилотының, FROL бортрадистінің ЖСН көрсетілген еркін нысандағы (ЖСН, байланыс деректерін

		көрсете отырып (телефон, пошталық мекенжай) өтініш куәліктеріне қатысты, сондай-ақ цифрлық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісімді; осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша FNL штурман куәлігіне қатысты; осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша FEL бортинженерінің (бортмеханигінің) куәлігіне қатысты; қайта даярлаудың уақыты бойынша соңғы курстардан өткенін растайтын құжаттардың көшірмелері; осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұшақ пилоттары үшін біліктілік деңгейін тексеру актісінің (LPC) көшірмесі немесе осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тікұшақ пилоттары үшін ұшуды тексеру актісі немесе осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұшуды тексеру актісінің көшірмесі;
8	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі	тиісті медициналық сертификаттың көшірмесі; куәліктің және оған қосымшаның (бар болса) көшірмесі; мемлекеттік қызмет көрсеткені үшін төленгенін растайтын мәліметтердің электрондық көшірмесі. 8.10.2. ұшу экипажы мүшесінің куәлігіндегі біліктілік және арнайы белгілердің қолданылу мерзімін ұзарту үшін өтініш беруші мынадай құжаттарды ұсынады: өтініш:

		PPL жеке пилотының (ұшақтың, тікұшақтың, дирижабльдің, көтеру күшін ұлғайту жүйесі бар әуе кемесінің), CPL коммерциялық авиациясының пилотының (ұшақтың, тікұшақтың, дирижабльдің, көтеру күшін ұлғайту жүйесі бар әуе кемесінің), MPL көпмүшелік экипажының (ұшағының) пилотының, ATPL желілік пилотының (ұшақтың, тікұшақтың, әуе кемесінің) куәліктеріне қатысты арттыру жүйесімен), осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша куәліктеріне қатысты; ULAPL аса жеңіл әуе кемесі пилотының (мотодельтаплан, автожир, дирижабль, көтеру күшін ұлғайту жүйесі бар әуе кемесі), LAPL жеңіл әуе кемесінің (ұшақтың, тікұшақтың) пилотының , FBPL еркін аэростат пилотының, GPL планер пилотының, FROL бортрадистінің (ЖСН, байланыс деректерін көрсете отырып (телефон, пошталық мекенжай) еркін нысандағы өтініш куәліктеріне қатысты, сондай-ақ цифрлық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім; осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша FNL штурман куәлігіне қатысты; осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша FEL бортинженерінің (бортмеханигінің) куәлігіне қатысты; мамандығы бойынша кәсіптік деңгейін ұстап тұру уақыты бойынша соңғы курстардан өткенін растайтын құжаттардың көшірмелері; осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 4-қосымшаға сәйкес

		нысан бойынша ұшақ пилоттары үшін біліктілік деңгейін тексеру актісінің (LPC) көшірмесі немесе осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тікұшақ пилоттары үшін ұшуды тексеру актісі немесе осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұшуды тексеру актісінің көшірмесі; нұсқаушылардың кәсіби деңгейін ұстап тұру уақыты бойынша соңғы курстардан өткенін растайтын құжаттардың көшірмелері (қажет болған жағдайда); тиісті медициналық сертификаттың көшірмесі; куәліктің және оған қосымшаның (бар болса) көшірмесі; мемлекеттік қызмет көрсеткені үшін төленгенін растайтын мәліметтердің электрондық көшірмесі. 8.10.3. ұшу экипажы мүшелерінің куәлігінде радиотелефон байланысында пайдаланылатын тілді білуі туралы арнайы белгінің қолданылу мерзімін енгізу немесе ұзарту үшін өтініш беруші мынадай құжаттарды ұсынады: (ЖСН, байланыс деректерін көрсете отырып (телефон, пошталық мекенжай) еркін нысандағы өтініш, сондай-ақ цифрлық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім; радиотелефон байланысында пайдаланылатын ағылшын тілін білуге арналған тестілеуден өткенін растайтын сертификаттың көшірмесі; куәліктің және оған қосымшаның (бар болса) көшірмесі. 8.11. Сыртқы пилоттың куәлігіне біліктілік және арнайы белгілерді енгізу немесе олардың қолданылу мерзімін ұзарту:

		8.11.1. сыртқы пилоттың куәлігінде біліктілік және арнайы белгілердің қолданылу мерзімін енгізу немесе ұзарту үшін өтініш беруші мынадай құжаттарды ұсынады: (ЖСН, байланыс деректерін көрсете отырып (телефон, пошталық мекенжай) көрсетілген еркін нысандағы өтініш, сондай-ақ цифрлық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім; тиісті медициналық сертификаттың көшірмесі; уақыт бойынша соңғы қайта даярлау курстарынан өткенін немесе мамандығы бойынша кәсіби деңгейін қолдағанын растайтын құжаттардың көшірмелері; куәліктің және оған қосымшаның (бар болса) көшірмесі. 8.12. Әуе қозғалысына қызмет көрсету диспетчерінің, авиациялық станция операторының куәлігіне біліктілік және арнайы белгілерді енгізу немесе олардың қолданылу мерзімін ұзарту: 8.12.1. әуе қозғалысына қызмет көрсету диспетчерінің, авиациялық станция операторының куәлігіне біліктілік белгілерін енгізу немесе қолданылу мерзімін ұзарту үшін өтініш беруші мынадай құжаттарды ұсынады: (ЖСН, байланыс деректерін көрсете отырып (телефон, пошталық мекенжай) көрсетілген еркін нысандағы өтініш, сондай-ақ цифрлық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім; осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша біліктілік емтиханын өткізу хаттамасының көшірмесі;

		тиісті медициналық сертификаттың көшірмесі (ӘҚҚ диспетчері үшін); мамандығы бойынша кәсіптік деңгейін ұстап тұру уақыты бойынша соңғы курстардан өткенін растайтын құжаттардың көшірмелері; куәлікке қосымшаның көшірмесі; мемлекеттік қызмет көрсеткені үшін төленгенін растайтын мәліметтердің электрондық көшірмесі. 8.12.2. әуе қозғалысына қызмет көрсету диспетчерінің, авиациялық станция операторының куәлігіне арнайы белгінің қолданылу мерзімін енгізу және (немесе) ұзарту үшін өтініш беруші мынадай құжаттарды ұсынады: ЖСН көрсетілген еркін нысандағы өтініш, сондай-ақ цифрлық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім; нұсқаушының қайта даярлау немесе кәсіби деңгейін ұстап тұру уақыты бойынша соңғы курстардан өткенін растайтын құжаттардың көшірмелері және осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша біліктілік емтиханын өткізу хаттамасының көшірмесі (нұсқаушының арнайы белгісінің қолданылу мерзімін енгізу немесе ұзарту кезінде); радиотелефон байланысында пайдаланылатын ағылшын тілін білуге арналған тестілеуден өткенін растайтын сертификаттың көшірмесі (радиотелефон байланысында пайдаланылатын тілді білуі туралы арнайы белгіні енгізу немесе оның қолданылу мерзімін ұзарту кезінде); куәлікке қосымшаның көшірмесі; мемлекеттік қызмет көрсеткені үшін төленгенін растайтын мәліметтердің электрондық көшірмесі.

		8.13. Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың куәлігіне біліктілік және арнайы белгілерді енгізу: 8.13.1. әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың куәлігіне "B" немесе "B2" санаттары бойынша "Ratings" бағанында біліктілік белгісін енгізу үшін өтініш беруші мынадай құжаттарды ұсынады: әуе кемелерінің, қозғалтқыштың үлгілерін және куәліктің санатын көрсете отырып, осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш; әуе кемесінің үлгісіне оқыту курсының практикалық және теориялық элементтерінің өткені туралы құжаттардың көшірмелері, ал қажет болған жағдайда практикалық тағылымдама бойынша жазбалар. Егер сертификатты уәкілетті ұйым оны жүргізетін ТҚК және АТҚ ұйымына қатысты мақұлдаса, практикалық тағылымдамадан өту нәтижелері бойынша сертификат беруге жол беріледі; куәліктің және оған қосымшаның түпнұсқасы (XV тармақ); мемлекеттік қызмет көрсеткені үшін төленгенін растайтын мәліметтердің электрондық көшірмесі. 8.13.2. әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың куәлігіне "C" санатындағы "Ratings" бағанында біліктілік белгісін енгізу үшін өтініш беруші мынадай құжаттарды ұсынады: әуе кемелерінің, қозғалтқыштың үлгілерін және куәліктің санатын көрсете отырып, осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш; 3-деңгей бойынша оқытудың теориялық бөлігінен кейін әуе кемесінің үлгісінде оқудан өткенін

		және емтихан тапсырғанын растайтын сертификаттардың көшірмелері ("C" санатының бірінші жазбасы үшін), ал "C" санаты бойынша әрбір кейінгі жазба үшін-1-деңгей бойынша әуе кемесінің талап етілген үлгісіне оқытуды дәлелдейтін сертификаттар (әуе кемесімен жалпы таныстыру курсы). Егер "C " санатына үміткер осы біліктілік белгісін куәлікке енгізілген әуе кемесінің және қозғалтқыштың сол үлгісіндегі "B1" немесе "B2" санаттары арқылы алса, теориялық оқытудан өткені туралы Жеке сертификат ұсыну талап етілмейді; ТҚК және АТЖ ұйымындағы жұмыс тәжірибесін немесе мемлекеттік авиацияда немесе әуе кемелерін шығару кезінде алынған тәжірибені растайтын құжаттардың көшірмелері; куәліктің және оған қосымшаның түпнұсқасы (XV тармақ); мемлекеттік қызмет көрсеткені үшін төленгенін растайтын мәліметтердің электрондық көшірмесі. 8.13.3. әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың куәлігіне "Ratings" бағанында "B1" немесе "B2" санаттары бойынша 2-топтағы 2a, 2b және 2c кіші топтарының толық рейтингі біліктілік белгісін енгізу үшін өтініш беруші мынадай құжаттарды ұсынады: осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша 2-топтағы толық кіші топтың сұратылған рейтингі және куәліктің санаты көрсетілген өтініш; әуе кемесінің типіне оқыту курсының практикалық және теориялық элементтерінен өткендігі туралы құжаттардың, ал қажет болған жағдайда практикалық тағылымдама бойынша жазбалардың (OJT) көшірмелері. Тәжірибелік

			тағылымдамадан өту нәтижелері бойынша сертификатты, егер сертификатты Уәкілетті ұйым оны өткізетін ӘКЖ және ТҚК ұйымына қатысты мақұлдаған болса, ұсынуға жол беріледі; Осы кіші топта ұсынылған кемінде 3 әуе кемесінің практикалық тәжірибесін растайтын құжат; мемлекеттік қызмет көрсеткені үшін төленгенін растайтын мәліметтердің электрондық көшірмесі. 8.13.4. әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың куәлігіне 2a, 2b және 2c толық кіші тобының "Ratings" бағанында "C" санаты бойынша 2-топта біліктілік белгісін енгізу үшін өтініш беруші мынадай құжаттарды ұсынады: осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша 2-топта сұратылған кіші топты және куәліктің санатын көрсете отырып өтініш; осы кіші топта ұсынылған әуе кемесінің кемінде 3 типі бойынша 3-деңгей бойынша оқытудың теориялық бөлігінен кейін әуе кемесінің типіне оқудан өткенін және емтихан тапсырғанын растайтын сертификаттардың көшірмелері; ӘКЖ және ТҚК ұйымдарындағы жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттардың көшірмелері; 8.13.5 әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың куәлігіне "B1" немесе "B2" санаттары бойынша 3 -топтың "Ratings" бағанында біліктілік белгісін енгізу үшін өтініш беруші мынадай құжаттарды ұсынады: осы мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша

		сұрау салынатын 3-топ пен куәліктің санатын көрсете отырып өтініш; әуе кемесінің типіне оқыту курсының практикалық және теориялық элементтерінен өткендігі туралы құжаттардың, ал қажет болған жағдайда практикалық тағылымдама бойынша жазбалардың (OJT) көшірмелері. Тәжірибелік тағылымдамадан өту нәтижелері бойынша сертификатты, егер сертификатты уәкілетті ұйым оны өткізетін ТҚК және РАТ ұйымына қатысты мақұлдаған болса, ұсынуға жол беріледі; әуе кемелерінің осы тобында ӘК-де жұмыс істеудің практикалық тәжірибесін растайтын құжаттардың көшірмелері; мемлекеттік қызмет көрсеткені үшін төленгенін растайтын мәліметтердің электрондық көшірмесі. 8.13.6 әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың куәлігіне "С" санаты бойынша 3-топтың "Ratings" бағанында біліктілік белгісін енгізу үшін өтініш беруші мынадай құжаттарды ұсынады: осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сұрау салынатын 3-топ пен куәліктің санатын көрсете отырып өтініш; 3-деңгей бойынша оқытудың теориялық бөлігінен кейін әуе кемесінің типіне оқудан өткенін және емтихан тапсырғанын растайтын сертификаттардың көшірмелері; әуе кемелерінің осы тобындағы ӘК-де жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттардың көшірмелері; мемлекеттік қызмет көрсеткені үшін төленгенін растайтын мәліметтердің электрондық көшірмесі.

		8.13.7. жеңіл және аса жеңіл әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың (LAML) куәлігіне біліктілік және арнайы белгілерді енгізу үшін өтініш беруші коммерциялық емес ұйымға мынадай құжаттарды ұсынады: осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш; әуе кемелерінің үлгісіне немесе түріне АОО-да оқудан өткенін растайтын құжаттардың көшірмелері; жұмыс тәжірибесін растайтын, осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделетін әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың жеке журналы парақтарының көшірмесі; "В3" санатындағы жеңіл және аса жеңіл әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың біліктілік деңгейін тексеру актісінің көшірмесі; "|Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуге қатысты адамның мүмкіндіктері" бағдарламасы бойынша оқытудан өткені туралы құжаттың (Үлгілік бағдарламалардың 9-модулінің бағдарламасына сәйкес келетін) көшірмесі. 8.14. кітап үлгісіндегі куәлікті пластикалық карточка түріндегі куәлікке ауыстырған кезде өтініш беруші мынадай құжаттарды ұсынады: 8.14.1. куәлікті жоғалтқан, ұрлаған және бүлдірген кезде өтініш беруші авиация персоналының тиісті куәлігін алуға белгіленген тізбеге сәйкес құжаттарды және мемлекеттік қызмет көрсеткені үшін төленгенін растайтын мәліметтердің электрондық көшірмесін ұсынады. 8.14.2. Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) өзгерген кезде, оның ішінде

		қолданыстағы куәліктің форматы өзгерген және басқа да техникалық себептер болған кезде өтініш беруші мынадай құжаттарды ұсынады: осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне 1-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш; куәліктің және (немесе) оған қосымшаның түпнұсқасы; басқа елдердің азаматтарына паспорттың көшірмесі; пластикалық карточка түріндегі куәлікке ауыстырған кезде екі фотосурет (түрлі-түсті, күңгірт, өлшемі 3,5 х 4,5 см, фотосуретке қарап тұрған адамның оң жағында бұрышы бар) немесе сандық фотосурет (3,5*4,5 см., кемінде 413*531 (пиксель); пластикалық карточка түріндегі куәлікке ауыстырған кезде жеке қолтаңба үлгісінің электрондық көшірмесі; мемлекеттік қызмет көрсеткені үшін төленгенін растайтын мәліметтердің электрондық көшірмесі. Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтерді "цифрлық үкіметтің" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден алынады.
		Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау; көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің " Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 шілдедегі № 339-IV Заңының

9	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздер		талаптарына, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 13 маусымдағы № 362 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7058 болып тіркелген) белгіленген біліктілік талаптарына, біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2013 жылғы 28 қыркүйектегі № 763 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8786 болып тіркелген), Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 6 ақпандағы № 115 бұйрығымен Азаматтық авиацияның авиациялық оқу орталығын сертификаттау және сертификат беру қағидаларына, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 25 тамыздағы № 236 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларына, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2013 жылғы 25 қыркүйектегі № 748 бұйрығымен бекітілген Радиотелефон байланысында пайдаланылатын ағылшын тілін меңгеру деңгейін айқындауға арналған тест қағидаларына, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2017 жылғы 31 шілдедегі № 517 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15600 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2013 жылғы 28 қыркүйектегі № 764

		бұйрығымен бекітілген Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысатын авиация персоналының кәсіптік даярлығының үлгілік бағдарламасының, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 5 маусымдағы № 324 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында медициналық куәландыру және қарап-тексеру қағидаларымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15325 болып тіркелген), сондай-ақ осы Қағидаларда және үлгілік бағдарламаларда белгіленген талаптарға сәйкес келуі тиіс; көрсетілетін қызметті алушыға қатысты белгілі бір мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін қызметке немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімінің (үкімінің) болуы; көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген шешімі бар, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға байланысты арнайы құқығынан айырылған; "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес ұсынылатын көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімінің болмауы.
		Цифрлық құжаттар сервисі мобильді қосымшада авторландырылған пайдаланушылар үшін қолжетімді. Цифрлық құжатты пайдалану үшін электрондық-цифрлық қолтаңбаны немесе бір реттік парольді пайдалана отырып, мобильді қосымшада авторизациядан өту, одан әрі "

10	Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптар	цифрлық құжаттар" бөліміне ауысып, қажетті құжатты таңдау қажет. 1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік корпорацияға құжаттар топтамасын тапсыруы үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 20 (жиырма) минут. 2) мемлекеттік корпорацияда көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут. Мемлекеттік қызмет көрсету мекенжайлары мына интернет-ресурстарда орналастырылған: 1) Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі – www.transport.gov.kz " Мемлекеттік қызметтер" бөлімі; 2) "Қазақстанның авиациялық әкімшілігі" АҚ – www.caa.gov.kz " Мемлекеттік қызметтер" бөлімі. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі Бірыңғай байланыс орталығының телефоны: 1414, 8-800-080-7777.

Өзгерістер енгізілетін
кейбір бұйрықтардың тізбесіне
2-қосымша

Авиация персоналына
куәліктер беру" мемлекеттік
қызмет көрсетуге қойылатын
негізгі талаптар тізбесіне
11-қосымша
Нысан

Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың куәлігі үшін өтініш

Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету бойынша куәлікке өтініш және куәлікке қатысты іс-әрекет (алғашқы рет/ өзгерістер енгізу /ұзарту)
Өтініш берушінің деректері: Тегі …… Аты…… Әкесінің аты (болған жағдайда)…… ТАӘ латын баспа әріптерімен (жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес) Мекенжайы…… Азаматтығы …… Туған күні мен туған жері……

Жеке сәйкестендіру нөмірі ……. Тел:…….....
Email:……
"Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 6-тармағына сәйкес цифрлық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін _____ "____" _____ 20__ жыл (қолы)

AML/LAML куәлігінің деректері (егер қолданылса) № …… куәлік берілген күні …… Куәлікке №..... қосымшалар

Жұмыс орны туралы мәліметтер: Ұйым атауы……. Мекенжайы…… Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету бойынша ұйымның мақұлдау сертификатының № …… Телефон…… Факс……

Өтініш мынадай мақсатпен (тиісті боксты көрсетіңіз):

	Алғашқы беру		өзгерістер/толықтырулар енгізу				Куәлікті жаңғырту (ұзарту)
Рейтинг			A	B1	B2	B3	C
Газтурбиналық қозғалтқыштары бар ұшақ							
Поршенді қозғалтқыштары бар ұшақ							
Газтурбиналы қозғалтқыштары бар тікұшақ							
Поршеньді қозғалтқыштары бар тікұшақ							
Авиациялық және радиоэлектрондық жабдықтар							
Ең жоғары массасы 5700 кг аз герметикалық емес поршеньді әуе кемесі							
Ауыр әуе кемелер							
Ауырдан өзге әуе кемелер							Жүктеу

Әуе кеменің түрін жазу/рейтинг жазбасы/шектеулерді алу (егер қолданылатын болса):……
……

Алғаш рет куәлік беру/ өзгерістер мен толықтырулар енгізу/ ұзарту (қажеттінің астын сызу).
Осы нысанға енгізілген ақпарат өтініш берген сәтте дұрыс екендігін растаймын.
Осымен, кері қайтарған немесе тоқтатқан шет мемлекеттерде берілген куәлік менде ешқашан болмағанын растаймын.
Кез келген анық емес ақпарат мені AML/LAML куәлік иегері болу құқығынан айыратынын түсінемін.
Қолы ……. Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)…….
Күні…… 20__жылғы "____" _____ ……

Мен мынадай кредиттерді талап еткім келеді (егер қолдануға болса): ……
Уәкілетті ұйыммен мақұлданған оқыту ұйымда оқытуға несиелік тәжірибе ……
Емтиханға эквивалентті сертификаттарға емтихандық несиелер. …….
Сәйкес сертификаттарды қоса беруіңізді өтінеміз.

Ұсынымдар (толтыруға міндетті емес): осымен өтінім беруші әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету бойынша тәжірибесі мен білімдері бойынша Қазақстан Республикасының тиісті талаптарға сай болуын растайды және уәкілетті ұйым куәлік беруге немесе оған жазбаларды жазуға ұсынылады.

Қолы …… Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)…… Лауазымы……Күні……
Тек қана уәкілетті ұйымдары персоналының жазбалары үшін. Осымен өтінім беруші әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың куәлігін беру, ұзарту және оған жаңа жазбаларды жазу бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы талаптарына сай екендігін растайды. Қолы …… Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)..... Күні……20__жылғы "____" _____ ……

Өзгерістер енгізілетін кейбір
бұйрықтардың тізбесіне
3-қосымша
Авиация персоналы
куәліктерін беру және
қолданылу мерзімін
ұзарту қағидаларына
4-1-қосымша
Нысан

№__ құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат

"Мемлекеттік және әлеуметтік маңызы бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 20-бабының 2-тармағын басшылыққа ала отырып, " Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" филиалының №__ бөлімі (мекенжайын көрсету) мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде көзделген тізбеге сәйкес мемлекеттік қызметті көрсетуге құжаттарды қабылдайды (мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауын көрсету) _____

Құжаттардың атауы:

1) _____;
2) _____;
3) _____.

Осы қолхат әр тарапқа бір-бірден 2 данада жасалды.
(Мемлекеттік корпорация қызметкерінің). тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (бұдан әрі – ТАӘ) (қолы) _____.
Орындаушы: ТАӘ _____
Телефон _____
Қабылдады: ТАӘ/Өтініш берушінің қолы: _____
20__ жылғы "___" _____

Өзгерістер енгізілетін кейбір
бұйрықтардың тізбесіне
4-қосымша
Авиация персоналы

куәліктерін беру және
қолданылу мерзімін
ұзарту қағидаларына
5-қосымша
Нысаны

(Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса) немесе көрсетілетін қызметті алушы ұйымының атауы)

_____

(көрсетілетін қызметті алушының мекенжайы)

Қолхат құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы

"Мемлекеттік және әлеуметтік маңызы бар көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15
сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 20-бабының 2-тармағын басшылыққа ала отырып, "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" филиалының №__ бөлімі (мекенжайын көрсету) Сіздің мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынбауыңызға байланысты Мемлекеттік қызмет көрсетуге (мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауын көрсету) құжаттарды қабылдаудан бас тартады,
атап айтқанда::
Жоқ құжаттардың атауы:
1) _____;
2) _____;
3) _____.
Осы қолхат әр тарапқа бір-бірден 2 данада жасалды.
(Мемлекеттік корпорация қызметкерінің). тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (қолы)
Орындаушы: тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) _____
Телефон _____
Алды: _____
Көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)/ қолы
"___" _____ 20__ жылы

Өзгерістер енгізілетін кейбір
бұйрықтардың тізбесіне
5-қосымша
Азаматтық авиацияның
авиациялық оқу орталығын
сертификаттау және
сертификат беру
қағидаларына
1-1-қосымша
Нысан

Персоналды даярлау және рәсімдер жөніндегі басшылықты келісуге/ кәсіптік даярлау бағдарламасын келісуге/қолданыстағы авиациялық оқу орталығы сертификатының қолданылу саласын өзгертпейтін азаматтық авиацияның авиациялық оқу орталығының сертификатына өзгерістер енгізуге өтініш

_____

(авиациялық оқу орталығының атауы)
персоналды даярлау және рәсімдер жөніндегі басшылықты келісуді/кәсіптік даярлау бағдарламасын келісуді/қолданыстағы авиациялық оқу орталығы сертификатының қолданылу саласын өзгертпейтін азаматтық авиацияның авиациялық оқу орталығының сертификатына өзгеріс енгізуді сұрайды.
(керегінің астын сызу)
Ұсынылған мәліметтердің толықтығы мен дұрыстығын растаймын.
Авиациялық оқу орталығының басшысы _____
Мемлекеттік және әлеуметтік маңызы бар көрсетілетін қызметтер туралы заңының 20-бабының 6-тармағына сәйкес цифрлық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін
_____
_____
(ЭЦҚ қолы)
Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)
20_____жылғы "_____" _____

Өзгерістер енгізілетін кейбір
бұйрықтардың тізбесіне
6-қосымша
Азаматтық авиацияның
авиациялық оқу орталығын
сертификаттау және сертификат
беру қағидаларына
1-4-қосымша

"Шетелдік авиациялық оқу орталығының сертификатын тану" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

р/с №	**"Шетелдік авиациялық оқу орталығының сертификатын тану" мемлекеттік көрсетілетін қызмет атауы** **Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің атауы (бар болса): жоқ**	
1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	"Қазақстанның авиациялық әкімшілігі" акционерлік қоғамы
2	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) ұсыну тәсілдері	"Цифрлық үкімет" веб-порталы

3	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету мерзімі	Шетелдік авиациялық оқу орталығының сертификатын тану – 45 (қырық бес) жұмыс күні.
4	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нысаны	Электронды (ішінара автоматтандырылған)
5	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нәтижесі	шетелдік авиациялық оқу орталығының сертификатын тану немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.
6	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Шетелдік авиациялық оқу орталығының сертификатын тану – тегін
7	Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі	1) портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру мынадай жұмыс күні жүзеге асырылады); 2) көрсетілетін қызметті берушінің –- Кодекске сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 13-00-ден 14-00-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 8-00- ден 17-00-ға дейін.
8	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі	1) осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шетелдік авиациялық оқу орталығының сертификатын тануға ЭЦҚ көмегімен қол қойылған өтініш; 2) қолданылу саласы бар шетелдік авиациялық оқу орталығы сертификатының көшірмесі; 3) шетелдік авиациялық оқу орталығының авиациялық персоналын кәсіптік даярлау бағдарламасы.

